



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ АБАЙ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті отандастар!

Баршанызды Абай күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ұлы ойшылдың шығармашылық әрі зияткерлік мұрасы әлемдік және ұлттық мәдениеттің асыл қазынасы қатарынан айрықша орын алады. Абай ілімі — рухани шамшырағымыз, айнымас темірқазығымыз. Ақын жұртшылықты толғандыратын көкейкесті мәселелерді бүкпесіз айтып, халқымызды бейкамдық пен жалқаулықтан аулақ болуға шақырды. Хакімнің «Толық адам» идеясы — әрбір азаматты рухани кемелденуге үндейтін және ешқашан өзектілігін жоғалтпайтын мазмұны терең тұжырым.

Биыл Абай күні елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды өзгерістермен тұспа-тұс келіп отыр. Қазақстанның Халық Конституциясы заңды күшіне еніп, биліктің барлық институттарын түбегейлі жаңғырту үдерісі басталды. Бұл — шын мәнінде, ұзақ мерзімге арналған даму бағдарымызды айқындайтын ерекше кезең. Көп ұзамай ел тарихында алғаш рет Құрылтай сайлауы өтеді. Бір палаталы Парламент реформаларды сапалы әрі тиімді жүзеге асыруға тың серпін беретіні сөзсіз.

Бұл өзгерістердің түпкі мәні — жасампаздық құндылықтарын азаматтардың санасына сіңіріп, Қазақстанның тың қарқынмен дамуына жол ашу. Біз қоғамда жаңа этиканы қалыптастыру, ұлттық бірегейлікті нығайту және гуманистік идеалдарды дәріптеу барысында әрдайым Абайға жүгінеміз. Ұлы ақын халықтың болашағы үшін білімпаздық, еңбекқорлық, жауапкершілік сынды қасиеттер өте маңызды екенін ұғындырды, көрегендік танытып, жұртты бірлік пен келісімді сақтауға шақырды. Абай қара сөздерінің тағылымы қазіргі Қазақстанның құндылықтарымен толық үндеседі. «Адал Азамат», «Таза Қазақстан», «Заң мен Тәртіп» тұғырнамалық идеялары — Абай армандаған берекелі қоғамның берік негізі. Сондықтан, біз Әділетті, Озық әрі Қуатты Қазақстанды құрып жатырмыз.

Ұлы ойшылдың мол мұрасы алдағы уақытта да өскелең ұрпақты шынайы отаншылдық пен туған елге сүйіспеншілік рухында тәрбиелеу ісінде рухани азық болады деп сенемін.

Баршанызға амандық және табыс тілеймін!
Абай күні құтты болсын!

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы кәсіби спортшы, аралас жекпе-жек шебері Шавкат Рахмоновқа көңіл айту жеделхатын жолдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев танымал спортшы Шавкат Рахмоновтың әкесі Бактыбай Алпамысовтың дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтты.

— Бактыбай Рахмоновтың мағыналы ғұмыр кешкен қадірлі жан болды. Нағыз отаншыл азамат ретінде ел мерейін үстем еткен, бүкіл қазақ жұртының мақтанышына айналған өзіңіздей жігерлі ұрпақ тәрбиелеп өсірді. Өкениздің иманы саламат, жаны жәннатта болсын! — делінген жеделхатта.

АСТЫҚ ЭКСПОРТЫ: ПАЙДА ҚАЙДА?



Кейінгі кезде Қазақстанның астық экспорты едәуір артты. Қолайлы ауа райы, егіс алқаптарын әртараптандыру саясаты қомақты нәтиже берген. Алдыңғы маркетинг жылында дәнді дақылдарды сыртқа сату көрсеткіші тәуелсіздік тарихындағы ең жоғары межені бағындырды. Осы арада «бұл үрдіс тұрақты ма?» деген сұрақ туады. Өйткені әдемі рекордтың артында әлі де реттелмеген жүйе, шешілмеген түйткілдер тұр.

(Жалғасы 4-бетте)

ҰСТАЗҒА САЛМАҚ САЛМАЙЫҚ

Былтыр білім ордаларында дау-жанжал бұрқ еткен еді. Кейбір мектеп басшысы «еріктілер қызметін дамыту» сылтауымен мұғалімдерді оқушыларының ата-анасы туралы жан-жақты мәлімет жинауға міндеттеген. Олар әр баланың әке-шешесінің қай жерде қандай лауазым атқаратынына, тіпті қанша жалақы алатынына дейін түгендеуді талап еткен. Бұл ата-аналардың орынды наразылығын туғызды. Мектеп чаттарында пікір білдірген азаматтар «бұл ақша жинау үшін қажет» деген қауіпін білдірді. Енді мұндай ақпарат жинату үшін жаза енгізілді. Бүгіннен бастап жаңа заң өмірге жолдама алады.

→ 5



ТАҚТА ҮСТІНДЕГІ ТАРТЫС

Алматыда шахматтан студенттер арасындағы әлем чемпионаты мәресіне жетті. Биыл FIDE World University Team Chess Championship алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Осыған дейін жарыстың финалдық кезеңіне жолдама алу үшін 49 елден 79 университеттік команда бақ сынасқан еді. Онлайн-квалификация қорытындысы бойынша, сегіз команда іріктеліп, тағы сегіз ұжым жарысқа ұйымдастырушылардың шақыруымен қосылды. Осылайша, бір аптаға созылған халықаралық додада 16 университеттен келген шахматшылар жеке шеберлігі мен командалық тактикасын сынға салды. Олардың қатарында Оксфорд, Кембридж, Гарвард, Saint Louis University, Webster University және University of Texas at Dallas секілді беделді оқу орындарынан келген қатысушылар да бар.



→ 8

ӘДІЛЕТ

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ БІРГЕ ҚҰРАЙЫҚ!

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ-2026



Дайындаған: «APPAZOV» ЖШС.
«Әділет» партиясы» ҚБ сайлау
қорының қаражаты есебінен төленді.
Тапсырыс беруші: Н.Т. Мыңжасаров.

ӨҢІРЛЕРДЕ ЖАҢА ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫ АШЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындау аясында ел өңірлерінде экономиканы әртараптандыру, өңдеу өнеркәсібін дамыту және импортты алмастыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, жаңа өндірістер, инфрақұрылымдық және әлеуметтік нысандар пайдалануға берілуде.



Солтүстік Қазақстан облысында тауарлы сүт фермасы пайдалануға берілді. Бірінші кезеңде 800 басқа арналған қора, сүт блогы, 550 басқа арналған қора-жай, екі бұзау қора және құрама жем зауыты салынды. Кешенде Орталық Азиядағы ең ірі 100 орындық сауу каруселі орнатылған. Германиядан 585 асылтұқымды мал әкелінді, жыл соңына дейін тағы 660 бас жеткізіледі. Жоба аясында мал саны 12 мың басқа жетеді.

Абай облысында құны 7 млрд теңге болатын күнбағыс тұқымын өңдеу және өсімдік майын өндіру зауыты ашылды. Кәсіпорын тәулігіне 300 тоннаға дейін май өндіріп, 500 тонна тұқым тазалай алады. Мұнда 120-дан астам жұмыс орны құрылды. Өнім ішкі нарыққа және экспортқа шығарылады.

Қызылорда облысының Жанакорған ауданында 5,5 млрд теңгеге құс фабрикасы салынды. Кәсіпорын жылына 6 мың тоннаға жуық құс етін өндіреді. 12 құс қорасы, сою және инкубация цехтары

бар нысанда 120 жұмыс орны ашылды. Өнім өңір мен көрші облыстарға жеткізіледі.

Қарағанды облысында инвестиция көлемі 1,5 млрд теңгеден асатын кірпіш зауыты іске қосылды. Толық өндірістік циклге ие кәсіпорын жылына 45 млн кірпіш шығарады. Өнім Қарағанды және Ақмола облыстарының қажеттіліктерін қамтамасыз етеді.

Жанакорғанда қайтарылған активтер есебінен 1,1 млрд теңгеге су стансасы салынып, 1 500-ге жуық үй ауызсумен қамтылды. Ал Талдықорғанда әлеуметтік осал 41 отбасы баспана алған. Биыл қалада 1,4 мыңға жуық адам қоныс тойын тойлайды. Сондай-ақ Шымкентте әлеуметтік осал санаттағы 80 отбасы жалдамалы пәтерге ие болып отыр. Шорнақ ауылында 1,7 млрд теңгелік спорт кешені ашылып, 40 жұмыс орны құрылды. Сонымен қатар Кентауда 300 орындық заманауи жабдықталған Достық үйі пайдалануға берілді.

Әмина МҰХАМБЕТ



АБАЙ МҰРАСЫ ҚАЗАҚСТАН МЕН ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНДЕ КЕҢІНЕН НАСИХАТТАЛЫП КЕЛЕДІ

Наследие Абая объединяет культурное пространство Казахстана и мира



АБАЙ МҰРАСЫ – ӘЛЕМДІК РУХАНИЯТ КЕҢІСТІГІНДЕ

Кеше елімізде Абай күні аталып өтті. Биыл ұлы ақын, ойшыл, ағартушы әрі композитор Абай Құнанбайұлының туғанына 181 жыл толып отыр. Абайдың шығармашылық және философиялық мұрасы ұлттық мәдениетімізден айрықша орын алған. Ақынның шығармалары мен тағылымды ойлары әдебиет пен музыкада, театр сахнасында, музей ісі мен білім саласында кеңінен насихатталып, халқымыздың рухани қазынасына айналды.

Бүгінде еліміздегі 33 елді мекен Абай есімімен аталады. Қазақстанның әр өңірінде Абай атындағы 1 231 көше, даңғыл және өзге де нысан мен 125 мекеме бар.

Ақынның аты еліміздегі бірқатар мәдениет және білім ошағына берілген. Олардың қатарында Алматыдағы Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры, Семейдегі Абай атындағы қазақ музыкалық драма театры, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті бар. Алматыдағы Абай ұлттық мектебінің оқу-тәрбие жұмысына «Толық адам» ілімі арқау болған.

Ұлы ойшылға деген құрмет ескерткіштер мен мүсіндер арқылы да айшықталған. Қазақстанда Абайға арналған 55 нысан бар. Оның 27-сі – ескерткіш, 28-і – бюст. Мұндай нысандар еліміздің барлық дерлік аймағында кездеседі. 1961 жылы Алматыда қойылған Абай ескерткіші

республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енген. Оннан астам нысан жергілікті маңызы бар ескерткіш санатына жатады.

Абай мұрасы әлемнің көптеген елінде де кеңінен танылған. Ойшылға арналған ескерткіштер, бюсттер мен өзге де нысандар 20-дан астам мемлекетте қойылған. Атап айтқанда, олар Ресей, Германия, Франция, Италия, Қытай, Оңтүстік Корея, Үндістан, Бразилия және Орталық Азия елдерінде орналасқан. Рио-де-Жанейродағы Абай бюсті – Солтүстік және Оңтүстік Америка құрлығында ойшылға арналған алғашқы нысан.

Әлемнің қалаларында да Абай есімі ұлықталған. Кемінде тоғыз қалада ақын атындағы көшелер бар. Оның есімі Қырыққале және Ыстамбұлда даңғылдар мен алаңдарға, Ереван және Түркияның бірнеше қаласында саябақтарға берілген.

К.ЕРКІН

БАСПАНА – БЕРЕКЕЛІ ОТБАСЫНЫҢ БАСТЫ ТІРЕГІ

Қоғамның тұрақтылығы мен мемлекеттің орнықты дамуы ең алдымен отбасы институтының беріктігіне байланысты. Ал отбасының берекелі өмір сүруінің басты алғышартының бірі – баспаналы болу. Сондықтан тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі тек әлеуметтік саясаттың ғана емес, отбасы құндылықтарын нығайтудың да маңызды тетігіне айналып отыр. Қазақстанда халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған мемлекеттік саясат аясында тұрғын үй құрылысы қарқынды жүргізіліп, әлеуметтік тұрғыдан осал санаттағы азаматтарды баспанамен қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінуде. Осы бағыттағы жүйелі жұмыстардың жарқын үлгісі Шымкент қаласында айқын көрініс табуда.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы



Бүгінде үшінші мегаполисте тұрғын үй құрылысы мен тұрғындарды баспанамен қамту жұмыстары кешенді түрде жүзеге асырылып келеді. Қалада жана шағынаудандар бой көтеріп, инженерлік инфрақұрылым дамытылып, әлеуметтік қолдау тетіктері жетілдірілуде. Мұның бәрі тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартып қана қоймай, отбасылардың болашаққа деген сенімін нығайтуға ықпал етуде.

ӘРБІР ОТБАСЫ ҮШІН ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНА

2026 жылдың соңына дейін Шымкентте 7 386 пәтерді пайдалануға беру жоспарланған. Оның құрамына жалдамалы және несиелік тұрғын үйлер енгізілген. Жыл басынан бері 2 865 отбасы жана баспанаға қол жеткізіп, өз шаңырағының табалдырығын аттады. Бұл көрсеткіштер тұрғын үй саясатының жүйелі түрде жүзеге асып жатқанын көрсетеді. Әсіресе әлеуметтік жағынан қолдауды қажет ететін азаматтарға басымдық берілуі – мемлекеттік саясаттың басты қағидаларының бірі. Жуырда қалада тағы 40 отбасыға жана пәтердің кілті табысталды. Жалға беру және кейіннен сатып алу құқығымен ұсынылған тұрғын үйлер Бозарық шағынауданында орналасқан. Заманауи талаптарға сай салынған көпқабатты үйлер қажетті инженерлік инфрақұрылыммен толық қамтамасыз етілген.

Жана баспананың иелері қатарында көпбалалы және толық емес отбасылар, мүгедектігі бар азаматтар, ерекше қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар, сондай-ақ жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған азаматтар бар. Бұл – әлеуметтік әділеттілік қағидатын жүзеге асырудағы маңызды қадамның бірі.

Әрбір табысталған пәтер отбасының жана өмір бастауы, балалардың қауіпсіз-әрі жайлы ортада өсіп-жетілуіне жасалған мүмкіндік – ертеңгі күнге деген сенімнің белгісі.

ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ – БОЛАШАҚҚА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ

Жас отбасылардың баспаналы болуы – мемлекеттің демографиялық және әлеуметтік саясатының маңызды бағыты. Осы мақсатта Шымкентте жұмыс істейтін жастарға арналған жалдамалы тұрғын үй бағдарламасы жалғасуда. Бағдарлама мерзімі аяқталған азаматтарды жеңілдетілген «Қамқор» бағдарламасы арқылы тұрғын үймен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіліп келеді. Қазір аталған бағдарлама аясында 565 отбасы өз баспанасына қол жеткізді.

Бұл бастама жастардың еңбек етуіне, отбасын құруына және тұрақты өмір сүруіне қолайлы жағдай жасап отыр. Баспаналы болған жас мамандардың



қалада тұрақтап қалуына, еңбек нарығында белсенді қызмет етуіне және балаларын қауіпсіз ортада тәрбиелеуіне мүмкіндік артады. Шымкентте тұрғын үй қатынастарын басқару саласында цифрлық технологиялар да кеңінен енгізілуде.

Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы жалдамалы пәтерлер бойынша төлемдерді цифрландыру жүзеге асырылып, қарыздарды өндіріп алу және мониторинг жүргізу жүйесі жетілдірілді. Сонымен

қатар тұрғын үйді жалдау ақысын субсидиялау бағдарламасы аясында талаптардың сақталуына тұрақты бақылау жүргізілуде.

Жыл басынан бері мемлекеттік тұрғын үйді жекешелендіру және тұрғын үй сертификаттарын беру бағытында да бірқатар мемлекеттік қызмет көрсетіліп, әлеуметтік санаттағы азаматтарға нақты қолдау жасалды. Бұл жұмыстар тұрғын үй саясатының ашықтығын қамтамасыз етіп, мемлекеттік қолдаудың шынайы мұқтаж азаматтарға жетуіне ықпал етеді.

ҚАУІПСІЗ ӘРІ ЖАЙЛЫ ӨМІР СҮРУ ОРТАСЫ

Баспана салумен ғана шектелмей, қолданыстағы тұрғын үйлердің сапасын жақсарту бағытындағы жұмыстар да назардан тыс қалған жоқ. Көпқабатты тұрғын үйлерді жаңғырту бағдарламасы аясында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, ескі лифтілер кезең-кезеңімен жаңартылуда. Сонымен қатар тұрғын үй қорын басқару сапасына, лифт қауіпсіздігіне және газ жабдықтарын пайдалану талаптарының сақталуына тұрақты мониторинг жүргізіледі. Газ қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тұрғын үйлерді аралау, түсіндіру жұмыстарын жүргізу және қауіпті жабдықтарды анықтау ісі де жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді.

Мұндай жұмыстар тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, жайлы әрі қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға бағытталған. Қазір отбасы институтын нығайту тек әлеуметтік төлемдермен немесе жеңілдіктермен ғана өлшенбейді. Ол тұрғындардың тұрақты жұмыспен қамтылуы, қолжетімді баспанамен қамтамасыз етілуі, қауіпсіз өмір сүру ортасының қалыптасуы және балалардың сапалы ортада тәрбиеленуімен тығыз байланысты.

Шымкентте жүзеге асырылып жатқан тұрғын үй саясаты дәл осы мақсаттарға қызмет етеді. Әрбір пайдалануға берілген тұрғын үй, әрбір табысталған пәтер кілті, әрбір жаңғыртылған көпқабатты үй – қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты күшейтіп, отбасылардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты қадам.

Отбасы – мемлекеттің іргетасы. Ал берік отбасы ең алдымен өз шаңырағының астында қалыптасады. Сондықтан тұрғын үй саясатын тиімді жүзеге асыру құрылыс саласын дамыту емес, қоғамдағы отбасылық құндылықтарды нығайтып, елдің әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды тетігі болып қала береді.

Өңір тұрғындарымен жүздесті

«Әділет» партиясының Төрағасы Айбек Дәдебай бастаған республикалық сайлауалды штабы Абай облысына барып, Семей жұртшылығымен кездесті. Ис-шарада «Әділетті болашақ үшін» сайлауалды бағдарламасы жан-жақты таныстырылды. Кандидаттар «Заң мен тәртіп», «Адал азамат», «Таза Қазақстан» қағидаттарын негізге ала отырып, қолжетімді баспана, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қолдауды күшейту, сапалы жұмыс орындарын құру және енбек құқықтарын қорғау туралы ұсыныстарын баяндады. Сондай-ақ отандық өндірісті ұлғайтып, импортқа тәуелділікті азайту, технологиялық дамуды жеделдету, 5 миллион азаматты жасанды интел-



лект құралдарын қолдануға баулу және бұл салада 100 мың маман даярлау бастамалары айтылды. Партия өкілдері цифр-

лық алаяқтықтан қорғауға әрі балалардың цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге де мән беретінін мәлімдеді.

Гендерлік теңдік мәселесі талқыланды



Жалпыұлттық социал-демократиялық партия (ЖСДП) Аста-

нада «Гендерлік теңдік — шынайы демократия» атты республикалық

сайлауалды форум өткізді. Ис-шара партияның «Прогресс жолындағы 20 белес» бағдарламасы аясында гендерлік теңдікке арналды. Форумға кандидаттар, сарапшылар, көпбалалы аналар және ҰЕҰ өкілдері қатысты. Партия төрағасы Асхат Рахымжанов ерлер мен әйелдер арасындағы еңбекке қатысты теңсіздікті азайту, әйелдер мен балаларды тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау бағыттарына тоқталды. Сонымен қатар әйелдердің саяси шешімдер қабылдауға қатысуын арттыру және 30 пайыздық гендерлік квотаны енгізудің маңыздылығы айтылды. Партия өкілдері гендерлік мәселелер бойынша заңнаманы әзірлеуде кәсіби сарапшылар пікіріне сүйеніп, популизмге жол бермеу қажетін атап өтті. Ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарды ескеру жайы да назардан тыс қалмады.

Теміржолшылармен кездесу өткізді

Маңғыстауда «Байтақ» партиясының үгіт-насихат жұмысы жалғасын тапты. Бұл жолы партия өкілдері Маңғыстау ауылындағы «Қазақстан темір жолы» кәсіпорнының енбек ұжымымен кездесті.

Ис-шарада партияның сайлауалды бағдарламасы таныстырылып, елдің әлеуметтік-экономикалық және экологиялық дамуы, халықтың әл-ауқатын арттыру, қоғамдағы өзекті мәселелерді шешу бағыттары сөз болды. Құрылтай сайлауына кандидат Тайыр Сағымбаев та өзінің сайлауалды ұстанымдары мен алдағы міндеттерін баяндады.

Жиын ашық диалог форматында өтті. Теміржолшылар енбек жағдайын жақсарту, жалақының жұмыс жүктемесіне сай төленуі, медициналық қолдау сияқты өз-



дерін толғандырған түйткілдерді ашық айтып, ұсыныстарын жеткізді.

Партия өкілдері халықпен тікелей байланыс орнатудың

маңыздылығына ерекше екіпін түсірді және кездесуде көтерілген мәселелер кейін партия жұмысында назарға алынатынын айтты.

Бұқаралық спортты дамыту ұсынылды



Қазақстан Халық партиясы (ҚХП) Астанада тұрғындарға арналған тегін ашық веложаттығу

өткізіп, бұқаралық спортты дамытуға қатысты ұстанымдарын таныстырды. Жаттығуды кәсіби

бапкерлер жүргізіп, қатысушыларға велосипедті қауіпсіз тебу дағдыларын үйретті. Партия жасына, табысына және дайындық деңгейіне қарамастан спорттың баршаға қолжетімді болуын, спортшыларды, спорт ардагерлерін, жаттықтырушылар мен техникалық персоналды жүйелі түрде қолдауды жақтайтынын мәлімдеді. Сонымен қатар олимпиадалық және олимпиадалық емес спорт түрлерін дамытуға назар аударылатыны айтылды. Құрылтай депутаттығына кандидат Теміржан Әбдірахманов спорт пен саламатты өмір салтын дамыту бағыттарын заңнамалық деңгейде бекіту қажет екенін атап өтті. Оның пікірінше, спорттың қолжетімділігін арттыру мен спорт саласын жүйелі қолдау үшін берік құқықтық негіз қалыптастыру қажет.

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНЕН ТЫС ЖЕРДЕ ДАУЫС БЕРУ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Денсаулық жағдайына, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты дауыс беру күні сайлау учаскесіне келе алмайтын Қазақстан Республикасының азаматтары дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге құқылы.

Ол үшін сайлаушы дауыс беру күні (2026 жылғы 23 тамыз) жергілікті уақытпен сағат 12:00-ден кешіктірмей, өзінің тіркелген аумағындағы учаскелік сайлау комиссиясына барып, болатын жері бойынша дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша өтініш беруі қажет.

Дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі берілген өтініш негізінде және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін сайлаушыға дауыс беруге арналған бюллетень береді. Дауыс беруге арналған бюллетеньді алу фактісі өтініште сайлаушының қолымен куәландырылады.

Учаскелік сайлау комиссиясының бюллетеньді берген мүшесі оған өзінің қолын қояды, сондай-ақ сайлаушының өтінішіне қол қояды. Дауыс беруді өткізу кезінде сайлаушының ерік білдіру құпиясының міндетті сақталуы қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

Азаматтардың аманатын жеткізді

Батыс Казакстан облысының Қаратөбе ауданынан велосипедпен Астанаға жолға шыққан ұстаз Асылбек Айболатов Ақтөбе, Костанай және Көкшетау арқылы өтіп, жол бойындағы елді мекендер тұрғындарымен кездесті. Сапар барысында ол азаматтарға «Ақ жол» демократиялық партиясының негізгі бастамалары мен ұстанымдарын таныстырып, халықтың өзекті мәселелерін, ұсыныстарын, тілектерін жинақтады. Астанаға жеткен соң тұрғындардан жиналған өтініштерді партия басшылығына тапсырды. Партия төрағасы Дания Еспаева халықтың мұң-мұқтажын кабинетте отырып толық білу мүмкін емесін айтып, азаматтардың ұсыныстары партия үшін маңызды екенін атап өтті. Оның сөзінше, келіп түскен



мәселелер мен бастамалар партияның алдағы жұмысында ескерілетін болады. Кездесу кезінде

Асылбек Айболатов ресми түрде «Ақ жол» партиясының қатарына қабылданды.

Агроөнеркәсіп ғалымдарымен кездесті

«Ауыл» партиясының төрағасы Қайрат Айтұғанов және Құрылтай депутаттығына кандидаттар Алматыда агроөнеркәсіптік кешен саласының ғалымдарымен кездесті. Басқосуда аграрлық ғылымды дамыту, селекция мен тұқым шаруашылығын жетілдіру, ғылыми әзірлемелерді өндіріске енгізу, қолданбалы зерттеулерді қаржыландыру және жас кадрларды даярлау мәселелері талқыланды. Партия төрағасы елдің азық-түлік қауіпсіздігі мен технологиялық тәуелсіздігінің негізі отандық ғылым мен өндірісте екенін атап өтті. Оның айтуынша, ғылыми идеядан бастап оны өндіріске енгізуге дейінгі толыққанды жүйе қалыптастыру



аса қажет. Жиында ғалымдар мен АӨК мамандары саладағы өзекті мәселелер бойынша ұсыныстарын білдірді. Партия олар-

дың пікірлері мен ұсыныстарын сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыру кезінде ескеретінін мәлімдеді.

Өндірісті қолдау тетіктері айтылды

Respublica партиясының республикалық сайлауалды штабы Жетісу облысына сапары барысында Талдықорғандағы «Алматылық бояулар» ЖШС ұжымымен кездесті. Басқосуда импорттық шикізатқа тәуелділік, қазақстандық өндірушілердің реттелетін сатып алуларға қолжетімділігі және білікті кадр тапшылығы талқыланды. Партияның тең төрағасы Максим Барышев жалақы қорына түсетін жиынтық жүктемені 40 пайыздан 20 пайызға, корпоративтік табыс салығын 20 пайыздан 10 пайызға төмендетуді ұсынды. Оның айтуынша, бұл шаралар отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Өз кезегінде тең төраға Сырымбек Тау жас-



тардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау бағытында кейптерге толық тыйым салу, лудоманиямен күресу, құмар ойын-

дарға шектеулерді күшейту және микронесиелер мөлшерлемесін төмендету жөнінде бастама көтерді.

НАРЫҚ

11 ТАМЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

АСТЫҚ ЭКСПОРТЫ: ПАЙДА ҚАЙДА?

(Басы 1-бетте)

А Айдар ДӘУІТҰЛЫ

Әуелі сандар сөйлесін. 2015-2025 жылдар аралығында астық, үн және өзге де дәнді дақылдар экспорты 7 миллион тоннадан 13,4 миллион тоннаға дейін құбылып отырды. Ауа райы жайсыз болған кезеңдерде сыртқы сауда көлемі 6,5-7,5 миллион тоннаға дейін төмендесе, ауа райы жайлы болған 2024-2025 және 2025-2026 маркетинг жылдарында 11-13,4 миллион тоннаға қайта көтерілді. Яғни экспорт ауқымына адам факторынан бұрын табиғи-климаттық жағдайлар тікелей әсер еткен.

Сондай-ақ біздегі бидайдың орташа өнімділігі гектарына 1-1,3 тонна шамасында ғана. Салыстырсақ, АҚШ пен Канадада бұл көрсеткіш гектарына 3-3,5 тонна, Украинада 4-4,5 тонна, Ресейде 2,8-3,2 тонна, Аустралияда 1,8-2,5 тонна деңгейінде. Қазақстан жылына орта есеппен 12-16 миллион тонна бидай өндіреді, Ресей 80-100 миллион, АҚШ 45-50 миллион, Канада 30-35 миллион, Аустралия 25-30 миллион тонна бидай өндіреді. Бұдан шығатын қорытынды: еліміз астық шаруашылығында гектар түсімділігін өсіруден гөрі егістік көлемін сақтауға және кеңейтуге көбірек иек артады.

Бірақ негізгі артықшылығымыз санда емес, сапада. Қазақстанның шұғыл континенттік климаты бидайдың құрамында ақуыз бен желімтіктің мол болуына мүмкіндік береді. Біздегі 3-сыныпты жұмсақ бидайдың ақуызы 14-16 пайызға, сулы желімтегі 28-32 пайызға жетеді. Бұл жағынан отандық бидай канадалық CWRS және америкалық HRW, HRS бидай сұрыптарымен деңгейлес. Ал Ресей мен Украина бидайында ақуыз мөлшері көбіне 11,5-12,5 пайыздан аспайды.

Нарықта мұның пайдасын орасан. Қазақстан бидайы жай астық емес, басқа бидайдың сапасын жақсартатын шикізат ретінде бағаланады. Диірмендер оны сапасы нашар партияларға қосып, блендинг жасайды. Демек, қолымызда бәсекеге қабілетті өнім бар. Негізгі мәселе осы өнімді қай нарықтарға қалай жеткіземіз дегенге тіреледі.

Мұнда география шешуші рөл атқарады. Теңізге тура шыға алмағандықтан, логистикалық шектеулер қолды байлап, жолды бөгейді. Өзбекстан мен Қытайға астықты 1 500-2 000 шақырымдық құрлық жолымен апарамыз. Ал Еуропа, Таяу Шығыс, Солтүстік Африка нарықтарына шығу үшін астықты теміржол вагондарына тиеп, Ресей арқылы Қара теңіз, Балтық теңізіндегі порттарға немесе Каспий арқылы Әзербайжан мен Грузия порттарына жеткізуге мәжбүрміз. Бұл бағыттардағы құрлық жолының өзі 3 000-3 800 шақырымға созылады. Қашықтық ұзарған сайын тасымал шығыны да ұлғаятыны белгілі.

Су жолдарына сұғынып отырған елдердің жағдайы анағұрлым жеңіл. Ресей мен Украина Қара теңіз, Азов теңізі порттарына тікелей шығады. АҚШ пен Канада екі бірдей мұхиттың аркасында әлемдік нарыққа қосылады. Аустралияның да теңіз терминалдары бар. Олар Rapamax және Handysize сияқты ірі кемелерге астықты тікелей тиеп, Солтүстік Африкаға, Таяу

Шығысқа, Оңтүстік-Шығыс Азияға арзан фрахтпен тасиды.

Ал Қазақстандағы астық экспортының логистикалық ахуалының біршама ерекшелігі бар. Мәселен, теңіз порттарына дейінгі жеткізу шығыны тоннасына 60-90 АҚШ долларына дейін жетсе, бұл көрсеткіш Ресейде Қара теңіз порттарына дейін 20-35 доллар шамасында ғана. Сонымен бірге Ресей, Қытай арқылы өтетін транзит казакстандық астықтың соңғы бағасына тағы 40-70 доллар қосады. Бағытына қарай тасымал мен логистика экспорттық өзіндік құнның 25-40 пайызына дейін жететіндіктен, отандық астық әлемдік биржалық бағадан төмен, яғни логистикалық дисконтпен сатылуға мәжбүр. Дегенмен еліміз бидай экспорты бойынша тұрақты түрде ТОП-10 елдің қатарына кіреді. Мысалы, 2025 жылы ақшалай экспорт көлемі 1,64 миллиард АҚШ долларына жетіп, сату көлемі бойынша ел 9-13 орын аралығында болды. Алайда Таяу Шығыс пен Африкаға Ресеймен тек баға арқылы жарысу қиынға соғады. Бұл ретте Қазақстанға бүкіл әлемге арзан астық ұсынғанша, сапасы мен географиялық жақындығы бағаланатын нарықтарға ден қойған тиімді.

Осындай басты нарықтың бірі — Орталық Азия. Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Қырғызстан және Ауғанстан Қазақстанның астық пен үн экспортының 60-70 пайызын сатып алады. Ішіндегі ең ірі тұтынушы — Өзбекстан жылына 3-3,8 миллион тонна астық пен үн сатып алады. Бұл бағыттағы



Астық пен өңделген өнімдер жыл сайын елге орта есеппен 1,5-2,5 миллиард АҚШ доллары көлемінде валюта әкеліп, теңге бағамының тұрақтылығы мен сауда балансын ұстап тұруға ықпал етеді.

географиялық жақындық үлкен артықшылық береді, себебі Ресей астығы бұл аймаққа қосымша тасымал шығынымен жетеді. Алайда Өзбекстан бидайды нөлдік баж салығымен әкелуге басымдық беріп, дайын ұнға салықтық және тарифтік талаптарды күшейтті. Өзінің үн тарту өнеркәсібін дамытуды көздегендіктен, Қазақстаннан жылына 3 миллион тоннадан астам бидай сатып алынғанымен, үн импорты соңғы он жылда екі еседен астам азайды. Нәтижесінде Қазақстанның дайын үн жеткізуші ретіндегі рөлі әлсіреп, шикізат жеткізуші ретіндегі орны күшейе түсті.

Осыған ұқсас жағдай Тәжікстанда да байқалады. Ал қазақ бидайын алып, өз диірмендерінде өңдейді де, ішкі сұранысын өтеген соң ұнның бір бөлігін Ауғанстанға қайта сатады. Өз кезегінде Ауғанстан да өте маңызды бағыт саналады, өйткені Қазақстаннан шығатын дайын бидай ұнының 65-70 пайызы немесе жыл сайын 1,2-1,5 миллион тоннасы осы елге жөнелтіледі.

Экспорттық тәуекелді азайтудың бір жолы — Қытай нарығы. Соңғы 5-7 жылда бұл бағытта бидайдан бөлек арпа, жүгері, зығыр, күнбағыс, рапс, бидай кебегі мен жемдік ұнға сұраныс артты. Бұған «Достық — Алашанкай» және «Алтынкөл — Қорғас» өткелдеріндегі инфрақұрылымның жақсаруы



да септігін тигізді. Кейінгі жылдары Қытайға астық, майлы дақылдар мен кебек экспорты 2-2,8 миллион тоннаға жетсе, кейбір маркетинг маусымдарында жемдік үн мен өңделген өнімдерді қосқанда бұл көрсеткіш 2,8 миллион тоннадан асты. Дегенмен Қытай нарығы тек көлемді емес, жоғары сапаны да талап етеді. Қытайдың COFCO мемлекеттік корпорациясы импорты квоталармен шектейді, сондай-ақ арамшөп тұқымы мен ауруларға қатысты фитосанитариялық бақылауы да өте қатан. Талап бұзылған жағдайда шекарада жүзден аса вагон бөгеліп, импорт уақытша тоқтауы мүмкін. Сондықтан Қытайға орнығу сапаны, сертификақтауды және логистиканы жана деңгейге көтеруді талап етеді.

Еуропа мен Таяу Шығысқа шығуға болады, бірақ бұл жолда Каспийдегі фидерлік кемелер мен паромдардың тапшылығы, жоғары порт тарифтері және қайта тиеу кезеңінің көптігі кері әсерін тигізеді. Соның салдарынан Ақтау мен Құрықтың астық тасымалдау қуатының (жылына 2-3 миллион тонна) 30-40 пайызы ғана пайдаланылады. Оңтүстіктегі Қазақстан — Түрікменстан — Иран теміржолы арқылы өтетін «Солтүстік — Оңтүстік» дәлізі де Парсы шығанағы мен Үндістанға жол ашқанымен, Иран мен Үндістан арасындағы инфрақұрылым толық аяқталмаған. Ал Балтықтағы Санкт-Петербург пен Высоцкке, Қара теңіздегі Новороссийске шығатын Ресей бағыты транзиттік тарифтердің жоғарылығымен, ресейлік операторлардың өз жүктеріне басымдық беруімен және фитосанитариялық бұғаттаулармен шектеледі.

Логистиканың ең басты түйіні теміржол инфрақұрылымына келіп тіреледі. Экспорт үшін аса маңызды Сарыағаш торабы мен Достық, Алтынкөл өткелдерінің өткізу мүмкіндігі шегіне жеткен. Желілерде электрлендірілмеген және бір жолды учаскелер көп, стансалардың бір бөлігі ескірген, ал магистралды желінің 50 пайыздан астамы тозған. Соның салдарынан астық жиналатын қыркүйек-желтоқсан айларында пойыздар жүздеген шақырымға созылып, халықаралық жеткізу мерзімі бұзылады. Бұған вагон айналымының баяулығы қосылады. Қалыпты жағдайда астық вагоны 10-12 күнде айналуға тиіс болса, науқан кезінде бұл көрсеткіш 25-35 күнге дейін созылады. Мәселе вагонның аздығында емес, олардың жолда тұрып қалуында болып отыр. Айналым екі-үш есе баяулағанда операторлар жалдау тарифін көтереді, бұл шығын ақырында астық бағасына қосылып, фермер табысын азайтады.

Теміржолдағы кептеліс элеваторлардың да жұмысын қиындатады. Қазақстандағы лицензияланған элеваторлардың жалпы сыйымдылығы 12-13 миллион тонна шамасында болғанымен, олардың 60 пайыздан астамы 30 жыл бұрын салынған. Заманауи дән кептіргіштер мен зертханалар жеткіліксіз. Мәселен, 2023 жылғыдай астық ылғалды жиналған маусымда элеваторлар оны уақытында өңдеп үлгермей, дән өніп, зен басады. Нәтижесінде экспортқа жарамды 1-3 сыныпты бидай азайып, 4-5 сыныпты сапасыз өнім көбейеді. Бұған «КТЖ» ҰК» АҚ-ның қарыздарын өтеу қажеттілігінен туындайтын тарифтік қысым және Ресей

мен Қытай транзитінің қымбаттығы қосылып, тасымал мен логистика өнім құнының 30-40 пайызын жұтады.

Осындай жағдайда экспорттық саясаттың тұрақтылығы мен болжамдылығы аса маңызды. Экспорттық тыйымдар мен квоталардың кенеттен енгізілуі немесе алынуы, бюрократияның өсуі сыртқы сатып алушылардың сенімін әлсіретеді. Сертификат берудің созылуы және зертханалардың ISO сияқты халықаралық стандарттарға толық сәйкес келмеуі вагондардың шекарада апталап тұруына, өнімнің бұзылуына әрі импорттық шектеулерге әкеледі. Егер бір маусымда экспорт ірікілсе, импортерлер басқа жеткізушіге ауысып кетеді. Сондықтан бәсекеге қабілеттілік егістіктен басталғанымен, өнімнің нақты бағасы мен сенімділігі шекараға дейінгі бүкіл жолда қалыптасады.

Соған қарамастан, астық экспорты Қазақстан экономикасының негізгі тірегі болып қала береді. Астық пен өңделген өнімдер жыл сайын елге орта есеппен 1,5-2,5 миллиард АҚШ доллары көлемінде валюта әкеліп, теңге бағамының тұрақтылығы мен сауда балансын ұстап тұруға ықпал етеді. Экспорттық астықтың 80 пайыздан астамын Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары береді, ал бұл салада 500 мыңнан астам адам еңбек етеді. Сыртқы сұраныс фермерге қаржы жинауға, жана егіске дайындалуға, техника мен жанар-жағармай алуға мүмкіндік береді. Егер экспорт тоқтаса, ішкі нарықтағы артық астық бағаны өзіндік құннан түсіріп, бүкіл аграрлық тізбекке соққы болып тиеді.

Сондықтан негізгі мәселе — тек тонна көлемін арттыру емес, әр тоннадан келетін пайданы көбейту. Жай бидайды экспорттағанда негізгі өңдеу маржасы да, кебек сияқты жемдік фракциялар да шетелде қалып, ішкі нарықта құрама жем қымбаттайды. Ал астықты ұнға немесе макаронға өңдеу экспорттық құнды 30-80 пайызға, ал глютен, лизин және аминокислоталар сияқты терең өңдеу өнімдері 300-500 пайызға, яғни 3-5 есеге арттырады. Мұндай өндіріс жана жұмыс орындарын ашып, машина жасау, химия, қаптама мен логистиканы дамытады. Бұл орайда Түркия жетірібесінен үлгі алуға болады. Олар өз астығы шектеулі бола тура, Ресейден жылына 9-10 миллион тонна бидай импорттап, оны өңдеу арқылы 3 миллион тоннадан астам үн мен 1,3 миллион тонна макарон экспорттайды әрі 2 миллиард доллардан астам таза қосылған құн қалыптастырады.

Қазақстан үшін де басты түйін осыған тіреледі. Астықты жай тасымалдамай, қосылған құнды ел ішінде қалдыратын толық өндірістік тізбек құру қажет. Құны жоғары өңделген өнім логистикалық шығындарды да жеңіл көтереді. Алдағы кезеңде өнімділікті гектарына 10-13 центнерден арттыру, агротехнологиямен климаттық тәуекелді азайту, элеваторларды жаңартып, вагон айналымын 10-12 күндік нормативке жеткізу, сондай-ақ Сарыағаш, Достық, Алтынкөл өткелдерінің өткізу қабілетін арттыру маңызды. Түпкі мақсат — белок пен клейковинасы жоғары қазақ бидайын шикізат күйінде сатпай, сапалы ұнға, дурум макаронына, глютенге, крахмалға және лизинге айналыду, осылайша әр тоннадан максималды экономикалық нәтиже алу.

МИЛЛИАРДТЫҚ МЕЖЕ

Соңғы уақытта Қазақстан шетелге бұрын-соңды болмаған көлемде қызмет сата бастады. 2025 жылы қызмет экспорты 12,8 млрд долларға жетіп, тарихи рекорд орнатты. Алайда осы жетістіктің көлеңкелі жағы да бар: ел сырттан 14 млрд доллардың қызметін сатып алған. Яғни рекорд жаңарғанымен, халықаралық қызметтер тартудағы тапшылық жойылған жоқ.

А Кәмила ДҮЙСЕН

Бір қарағанда, 1,2 млрд долларлық тапшылық экономиканың әлсіз тұсын көрсететіндей. Бірақ жиырма жыл бұрынғы жағдаймен салыстырғанда, көрініс өзгеше. 2005 жылы Қазақстан 2,1 млрд доллардың қызметін экспорттап, 7,5 млрд доллардың қызметін импорттаған. Арadaғы алшақтық 5,4 млрд доллар еді. Бүгінде экспорт алты еседен астам өсіп, тапшылық төрт есеге жуық қысқарды.

Қазақстанның сыртқы саудасы сөз болғанда, әдетте мұнай, металл мен уран алдыңғы қатарға шығады. Ал қызмет экспорты ел экономикасының шикізаттан тыс тағы бір табыс көзі қалыптасып келе жатқанын аңғартады. Бұл нарықта вагонға тиелген немесе құбырмен жөнелтілетін өнім жоқ. Оның орнына тасымал, туризм, білім беру, емдеу, қаржы және цифрлық қызметтер сатылады.

Әзірге экспорттың басты тірегі — көлік саласы. 2025 жылы Қазақстан шетелдік клиенттерге 5,7 млрд доллардың тасымалдау қызметін көрсетті. Бұл барлық қызмет экспортының 44,8 пайызына тең. Соның 4,5 млрд доллар жүк тасымалына тиесілі. Демек, рекордтық көрсеткіштің едәуір

бөлігі Қазақстанның Еуропа мен Азия арасындағы транзиттік орналасуына байланысты қалыптасқан.

ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙДАН БӨЛЕК НЕ САТЫП ОТЫР?

«Қазақстандық қызметтер экспортының 44,8 пайызы тасымалға тиесілі. Бұл бағыттағы өн салыдо 2,2 млрд долларға жетті. Экспорттық түсім негізінен тасымал, сапарлар және IT қызметтеріне шоғырланған», — дейді Ranking.kz сарапшылары.

Екінші ірі бағыт — шетелдіктердің Қазақстанда жұмсаған қаражаты. Халықаралық статистикада ол «сапарлар» санатына енгізіледі. Бұған туристердің ғана емес, елге оқуға, емделуге немесе туыстарын аралауға келген азаматтардың шығыны да кіреді. 2025 жылы осы бағыттағы экспорт 12,4 пайызға өсіп, 2,9 млрд долларға жетті.

Бірақ қазақстандықтар шетелде бұдан да көп — 3,8 млрд доллар жұмсаған. Сондықтан сапарлар бойынша 957,7 млн доллар тапшылық қалыптасты. Бұл жерде мәселе азаматтардың шетелге шығуында емес, Қазақстанның шетелдік келушілерден түсетін табысты қаншалықты ұлғайта алатынында.

«Елге келген шетелдіктердің шығыны артып келеді, бұл — туризм мен ішкі қызмет көрсету нарығы үшін ол белгі. Бірақ

қазақстандықтардың шетелдегі шығыны әлі де жоғары. Осы айырманы қысқарту үшін турист санын көбейту ғана жеткіліксіз. Елдегі сервис сапасы, көлік қолжетімділігі және ұсынылатын қызмет түрлері де қатар дамуға тиіс», — дейді сарапшылар.

Қазақстанның сыртқы нарықтағы осал тұсы өзге іскерлік қызметтерден байқалады. 2025 жылы олардың импорты 21,6 пайызға өсіп, 2,8 млрд долларға жеткен. Бұл жалпы импорт өсімінің жартысына жуығын қамтамасыз етті. Саланың тапшылығы шамамен 2 млрд доллар болды. Яғни Қазақстан консалтинг, кәсіби сүйемелдеу және басқа да іскерлік қызметтер үшін шетелдік компанияларға қомақты қаражат төлеп отыр.

Қызмет экспортының ең серпінді бағыты — телекоммуникациялық, компьютерлік

және ақпараттық қызметтер. Бір жылдың ішінде олардың көлемі 35,6 пайызға өсіп, 1,4 млрд долларға жетті. Ал компьютерлік қызметтер экспорты алғаш рет миллиард долларлық межеден асып, 1,1 млрд долларды құрады.

Бұл көрсеткіш Қазақстанның технологиялық өнімді тек тұтынушы емес, экспорттаушы елге де айнала бастағанын білдіреді. Алайда миллиард доллардың 367,6 млн доллары цифрлық активтер майнингіне тиесілі. Майнингті алып тастағанда компьютерлік қызметтер экспорты 775,1 млн доллар болып қалады. Бұл — сектордың тек цифрлық активтерге сүйенбейтінін көрсететін маңызды белгі.

IT-ДЕГІ РЕКОРДТЫ АЙМАҚТАР СЕЗІНЕ АЛМАДЫ

«Компьютерлік қызметтер экспорты 1,1 млрд долларға жетті. Оның 367,6 млн доллары майнингке, 775,1 млн доллары өзге компьютерлік қызметтерге тиесілі», — дейді Ranking.kz сарапшылары.



ҚОҒАМ

11 ТАМЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

Былтыр білім ордаларында дау-жанжал бұрқ еткен еді. Кейбір мектеп басшысы «еріктілер қызметін дамыту» сылтауымен мұғалімдерді оқушыларының ата-анасы туралы жан-жақты мәлімет жинауға міндеттеген. Олар әр баланың әке-шешесінің қай жерде қандай лауазым атқаратынына, тіпті қанша жалақы алатынына дейін түгендеуді талап еткен. Бұл ата-аналардың орынды наразылығын туғызды. Мектеп чаттарында пікір білдірген азаматтар «бұл ақша жинау үшін қажет» деген қаупін білдірді. Енді мұндай ақпарат жинату үшін жаза енгізілді. Бүгіннен бастап жаңа заң өмірге жолдама алады.

Айхан ШӘРІП

МҰҒАЛІМГЕ ЖАҢА ҚОРҒАН

Мемлекет басшысы 2026 жылғы 12 маусымда «Кейбір заңнамалық актілерге педагог мәртебесі, білім беру, денсаулық сақтау және баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Негізгі заңына және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне педагог мәртебесі мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» ілеспе заңына қол қойған-тын. Қос құжат та «алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 60 күн өткен соң», яғни 11 тамызда қолданысқа енгізіледі. Мұғалімдерді қорғауды күшейтуге қандай қажеттілік туындады? Өмірге қандай жаңалықтар енгізілмек?

Бір қызығы, ілеспе заң 2 ғана баптан тұрады. «1-бап. 2014 жылғы 5 шілдедегі ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне мынадай өзгерістер енгізілсін: 409-баптың 7-3-бөлігінде: 2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «2) педагогтан ҚР білім беру саласындағы заңнамасында көзделмеген есептілікті не ақпаратты талап етіп алдыру, сондай-ақ оған құжаттарды бір мезгілде қағаз жеткізгіште және электрондық нысанда жүргізу міндетін жүктеу»;», — делінген бірінші бапта. Екінші бап одан да қысқа: «5) тармақшадағы «орта» деген сөз алып тасталсын». Тұтас бір заң небәрі 96 сөзден құралған.

Алайда оның мұғалімдер қауымы үшін маңызы зор. Бұған дейінгі реформа аясында ұстаздар қауымын келесі жұмысқа жетуге тыйым салынған еді: біріншіден, Қазақстан заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, педагогты кәсіптік міндеттерімен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға; екіншіден, оларға қатысты Қазақстан Республикасы заңдарында көзделмеген тексеру жүргізуге; үшіншіден, педагогқа тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша міндетті жүктеуге, мысалы, желілік маркетингке жұмылдыруға тосқауыл қойылған еді.

Алайда өмір мен тәжірибе көрсеткендей, педагогтарды мектеп не жергілікті әкімдік ұйымдастыратын түрлі шараға мәжбүрлеп қатыстыру, оқушылардан және ата-аналардан түрлі ақпарат пен есеп жинатқызу сияқты кесірлер тыйылмапты. Салдарынан, екі жыл бұрын Семейде қалалық шыршаны безендіру жұмысы жүктелген мұғалім жерге құлап мертіккенде, оны ешбір заң қорғай алған жоқ.

Сондықтан заң арқылы «педагогтан Қазақстанның білім беру саласындағы заңнамасында көзделмеген есептілікті не ақпаратты талап етіп алдыруға, сондай-ақ оған құжаттарды бір мезгілде қағаз жеткізгіште және электрондық нысанда жүргізу міндетін жүктеу» тыйым салынды. Мұның сыртында «мемлекеттік білім беру ұйымының педагогын өз кәсіптік қызметін жүзеге



ҰСТАЗҒА САЛМАҚ САЛМАЙЫҚ

асыру кезінде мемлекеттік емес ұйымдардың іс-шараларын өткізуге тартуға» жол берілмейді.

Бұл талап бұзылса, бірінші жолы тек ескерту беріледі. Бір жыл ішінде қайталанса, лауазымды адамдарға — 20 АЕК (2026 жылы — 86 500 теңге), шағын кәсіпкерлік нысандарына немесе коммерциялық емес ұйымдарға — 60 АЕК (259 500 теңге), орта кәсіпкерлікке — 80 АЕК (346 000 теңге), ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 120 АЕК (519 000 теңге) айыппұл салынбақ.

ЖИ ДӘУІРІНДЕГІ АДАЛДЫҚ

Айта кету керек, бұл қос заң Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2025 жылғы «Тамыз конференциясында» берген тапсырмаларын іске асыру мақсатында әзірленіп, ескі Парламент оны шұғыл қабылдады. Басты жаңалықтар, әрине Негізгі заңда қарастырылған. Олар педагогтардың құқығын қорғауды күшейтуге, оларды кәсіби қызметпен байланысты емес міндеттерге тартуға жол бермеуге, сондай-ақ білім беру, бала құқығын қорғау заңнамасын одан әрі жетілдіруге бағытталған.

Ең алдымен, құжат «академиялық адалдық» ұғымын енгізді: ол білім беру сапасын арттыруға, зияткерлік меншікті құрметтеуді қамтамасыз етуге және білім беру процесіне қатысушылардың жауапкершілігін қалыптастыруға тиіс. Бүгінде білім беру жүйесіне цифрландыру қарқынды еніп жатыр. Бұл технологиялар білімді кемелдендіруге мүмкіндік береді, сонымен

бірге студенттердің, тіпті педагогтардың дайын жұмыстарды көшіре салуы, жасанды интеллекттіңі орынсыз пайдалануы, ғылыми деректерді бұрмалауы сияқты қауіп-қатерлер де өрши бастаған.

Тағы бір түйткіл — ЖИ-дің кез келген мәтінді «ЖИ генерациялаған» деп тану тәуекелі. Барлық оқу орындары — мектеп, колледж, университеттер антиплагиат жүйелерін жаппай енгізу үстінде. Бірақ өзінің ғылыми жұмысын тексерген көптеген педагог, тіпті ғылыми мақалалардағы әдебиеттер тізімінің өзін бұл жүйе плагиат деп танитынын анықтап, шағымданды. Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрліктері мұның бәрін академиялық адалдық тетіктері арқылы реттеуге міндетті.

Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова жаппай цифрландыру және ЖИ заманында академиялық адалдықты енгізуге және сондай мәдениетті қалыптастыруға баса мән берілетінін хабарлады. Оқытушылар мен студенттердің арасында жұмыс барысында ЖИ-ді дұрыс пайдалану жолдары, сондай-ақ жаңа жағдайда академиялық жазбаны, яғни ғылыми жұмыстарды, жазба жұмыстарын қалай жазу кергі жан-жақты түсіндірілуге тиіс.

— Министрлік бұл бағыттағы жұмысқа кірісті: арнайы курс жүргізіледі. Ол курстарды, бір жағынан, ЖОО-лар, екінші жағынан, Қазақстан жоғары оқу орындарының қауымдастығы ұсынады. Ал министрлік студенттерге арнап, AI-Sana

бағдарламасын жасады. Оның аясында бұған дейін 670 мыңнан астам студент оқытылды. Оқытушылар үшін 2026 оқу жылынан бастап америкалық OpenAI компаниясымен бірге арнайы курстар жүргізіліп жатыр. Бұл мәселе біздің назарымызда және ол алдағы уақытта да жалғасады, — деді вице-министр.

Ол кейбір кемшілігіне бола, антиплагиаттан бас тартылмайтынын қадап айтты: «Бұл өте қажет, себебі шәкірттер де, педагогтар да жазбаша жұмыстарды немесе ғылыми жұмыстарды адалдықты сақтай отырып жазғаны қажет. Мұның бәрін қолмен тексеріп отыру қиын. Жоғары оқу орындары әртүрлі жүйені пайдаланады, оның ішінде қазақстандық, халықаралық жүйелер бар. Бірақ бұл да жеткіліксіз: ең бастысы, біздер антиплагиатты оқу процесінде және бағалау жүйесінде қолдануымыз керек. Бұл мәселе де назарымызда», — деді Г.Көбенова.

Жаңа заңның елді елең еткізген және қоғамда кең талқыланған келесі жаңалығы — оқушыларды білім ошағы аясында смартфоннан уақытша айыру мәселесі. Бұған дейін әр мектеп төл қамқоршылар кеңесімен, ата-аналар комитетімен келісіп, тиісті шешімді өз бетінше қабылдап келді. Енді жаңа заң білім беру саласындағы уәкілетті органға — қазіргі Оқу-ағарту министрлігіне «орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларын пайдалану қағидаларын бекіту» құқығын берді. Ендеше, министрлік сабақ кезінде смартфонды қолдануға тыйым салса, бұл талап бүкіл республикаға, мемлекеттік және жекеменшік мектептерге тең қолданылатын болады.

КАДР МӘСЕЛЕСІ ҚАЛАЙ ШЕШІЛМЕК?

Тағы бір тың жаңашылдық: бұдан былай мектептен тыс уақытта педагогтар балалардың мінез-құлқы мен іс-әрекетіне жауап бермейді. Осы мақсатта ескі депутаттық корпус «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінің 70-ші бабына өзгеріс енгізіп, баланы тәрбиелеу және дамыту жөніндегі міндеттерді орындау шеңберінде оның өмірі, денсаулығы және қауіпсіздігі үшін ата-аналардың тікелей жауапкершілігін бекітті. Сонымен қатар заңда білім беру ұйымының педагогы немесе басшысы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты болған оқиғалар үшін тек қана кәсіптік қызметті жүзеге асыру кезеңінде, оның ішінде білім беру процесіне байланысты лауазымдық міндеттерін орындау кезінде ғана жауапты болатыны нақтыланды.

Жеке блокта педагогқа құжаттарды қағаз және электрондық нысанда бір мезгілде жүргізу міндетін жүктеуге жол бермеу туралы түзету енгізілді. Бұл мысалы, ғаламторға қосылмаған немесе мобильді интернет арағиді қана пайда болатын елді мекендерде қағаз және электронды күнделікті қатар жүргізу тәжірибесін жоймақ. Келесі маңызды бағыт талантты тұлғаларды қолдау: халықаралық кәсіби шеберлік конкурстарының, оның ішінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасындағы WorldSkills жөнімпаздарына ҰБТ тапсырмай-ақ, жоғары оқу орындарына түсу құқығы беріледі.

Қалай болғанда, қазіргі қоғамның келбеті мен ертенгі ұрпақтың тағдыры білім ордаларының бүгінгі тыныс-тіршілігімен тікелей сабақтасып жатқаны сөзсіз. Қаншама кешенді іс-шаралар жүзеге асырылып жатса да, білім беру жүйесінде әлі де болса қосымша шешімдерді талап ететін күрмеулі мәселелер сақталып отыр. Ең басты сынақтардың бірі — кадр тапшылығы. Оқу-ағарту министрлігінің ақпаратына жүгінсек, 2025-2026 оқу жылын еліміздегі 400-ден аса мектеп директорысыз аяқтады. Бұл өз кезегінде басқару жүйесінің икемділігіне, әкімшілік сапаға және білім беру реформаларының жүзеге асуына кері әсер етпей қоймайды. Басшы орнының бос қалуы — ұжым жұмысының үйлесімсіздігін тудыратын ұйымдастырушылық қауақ.

Мектеп кемесінің бағытын айқындар басшы ғана емес, нақты ғылым нәрімен сусындатар пән иелерінің орны да ойсырап тұр. Түрлі пән (әсіресе жаратылыстану ғылымдары) бойынша 5 мыңнан аса педагогтың тапшылығы өткір күйінде қалды. Бұл проблема ауылдық аймақтарда тіпті тереңдей түседі: барлық бос жұмыс орнының жартысынан көбі ауыл мектептерінің еншісінде. Содан ұстаздар өз мамандығынан тыс пәндерді де жүргізуге мәжбүр: бұл білім беру сапасының төмендеуіне соқтырады, білім көшін кері тартады.

Педагог мамандығының қоғамдағы беделі мен тартымдылығын өрі қарай арттыру жеке назарды талап етеді. Педагогикалық мамандықтарды бітірген тұлғалардың өрбю бесіншісі мектепке барып жұмыс істейтін бас тартады. Барғанының бір бөлігі бірер жылдан соң саладан кетіп қалады. Кадрлар даярлау мен саланың нақты қажеттіліктері арасында алшақтық сақталған.

Оқу-ағарту министрлігі бұл олқылықтардың орнын толтыру үшін нақты қадамдар жасап жатыр. Мектеп директорларының бос орындарының саны бірте-бірте азайып, бұрынғы 500-ден бүгінде 400-ден астамға дейін азайтылған. Соның ішінде 200-ден көбі — ауыл мектептерінің үлесінде. Ведомство бұл проблеманы жазғы каникулда кезең-кезеңімен шешуге күш салып жатыр. Бос орындардың көпшілігі Түркістан, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарының ауылдық елді мекендеріне тиесілі көрінеді.

Ауылдық жерде, негізінен шағын жинақты мектептер орналасқан. Сондықтан көптеген мектеп директорлығына үміткер Оқу-ағарту министрлігі бекіткен біліктілік талаптарына сай келмейді. Осыған орай ведомство бұл тетікті жаңа аттестаттау қағидалары аясында қайта қарап жатыр. Нақтылағанда, мектеп директорларына қойылатын санаты бойынша талаптар педагог-сарапшыдан педагог-модераторға дейін төмендетілмек. Бұл ретте директорлыққа кандидаттар мен педагогтардың біліктілігі менеджмент курстары аясында арттырылатын болды. Жаңашылдыққа ұмтылған бұл қадам — қасаң қағидаларды өмір талабына бейімдеудің бір көрінісі.

Жаңа заң қоғамдағы мұғалімнің рөлін күшейту жөніндегі Мемлекет басшысы қойған міндеттеріне сәйкес келеді. Бұл түзетулер әкімшілік жүктемені азайту және білім беру үрдісін ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін енгізу арқысында педагогтардың жұмыс тиімділігін арттыруға да өз үлесін қоспақ. Өйткенмен, саладағы барлық түйткіл бірден тарқатылады деу ерте. Өзге де көкейкесті мәселелерді шешу жаңа Құрылтайдың еншісіндегі жауапты міндет болмақ.

ЖҰМЫС БАР ЖЕРДЕ МҮМКІНДІК БАР

Абай облысында еңбек нарығындағы ахуал тұрақты. Жыл басынан бері 8 463 адам тұрақты және уақытша жұмыс орындарына орналасты. Өңірдегі жұмыссыздық деңгейі 4,7 пайызды құраса, жастар арасындағы көрсеткіш 2,4 пайыз деңгейінде қалып отыр. Еңбекпен қамту – әлеуметтік саясаттың ғана емес, өңір экономикасының да маңызды көрсеткіші. Сондықтан Абай облысында жұмыссыз азаматты еңбекке тартумен қатар, оның жаңа мамандық игеруіне, кәсіп бастауына және тұрақты табыс көзіне қол жеткізуіне мүмкіндік беретін тетіктер қатар іске қосылған.

А Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ,
Абай облысы

2026 жылы облыста 13 324 адамды жұмыспен қамту жоспарланған. 29 шілдедегі жағдай бойынша оның 63,5 пайызы орындалды.

Бұл көрсеткішке әртүрлі бағыттағы шара арқылы қол жеткізілді. Инфрақұрылымдық жобалар аясында 823 адам жұмысқа орналасып, жоспардың 71,5 пайызы орындалды. Субсидияланатын жұмыс орындарында 2 611 адам жіберілді. Бұл бағыттағы жоспардың 85,6 пайызы орындалған.

Жаңа кәсіпорындардың ашылуы да еңбек нарығына серпін беріп отыр. Мемлекет басшысының «Әрбір 10 мың тұрғынға 100 жаңа жұмыс орнын құру» бастамасы аясында жаңадан ашылған кәсіпорындарға 1 527 адам жұмысқа орналасқан.

Ал бос жұмыс орындары арқылы 3 502 азамат еңбекке тартылды. Бұл бағыттағы жоспар 63,7 пайызға орындалды. Цифрлардың өзі-ақ өңірде жұмыспен қамтудың бір ғана механизмге сүйенбейтінін көрсетеді.

Бір жерде жаңа кәсіпорын ашылса, енді бір жерде инфрақұрылымдық жоба іске қосылады. Бір азамат бос жұмыс орны арқылы қызметке орналасса, екіншісі субсидияланатын жұмыс орнынан бастайды. Мәселе — осы мүмкіндіктердің бәрін еңбек нарығындағы нақты сұраныспен ұштастыру. Қазіргі еңбек нарығында «жұмыс бар ма?» деген сұрақпен қатар «осы жұмысқа қажетті дағды мен мамандық бар ма?» деген мәселе де өзекті.

Осы бағытта Абай облысында кәсіптік оқыту мен қайта даярлау жұмыстары жүргізілуде. Skills.Enbek.kz платформасында онлайн оқуға 590 адам тіркеліп, оның 534-і курсты сәтті аяқтаған. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша 522 адам кәсіпкерлік негіздеріне оқуға қабылданып, 339 қатысушы оқуын тәмамлады.

Қысқамерзімді кәсіптік оқытуға 219 жұмыссыз азамат жолданды. Жоспардың 78,2 пайызы орындалды. Оның ішінде 20 адам жұмыс берушілердің өндірістік базасында білім алса, 199 адам жұмыс берушілердің сұранысына сәйкес оқу ұйымдарында кәсіби даярлықтан өтуде.



Бұл жерде маңыздысы — жұмыссыз азаматты кез келген жұмысқа орналастыру емес, оның еңбек нарығында сұранысқа ие болуына жағдай жасау.

Жұмыспен қамтудың тағы бір бағыты — азаматтардың кәсіпкерлік бастамасын қолдау. Әлеуметтік осал топтарға арналған мемлекеттік гранттар бағдарламасы бойынша биыл облыста 205 грант беру жоспарланған. Бірінші лек аясында 102 бизнес жоба мақұлданды. Бір қарағанда, бұл — шағын ғана сан болуы мүмкін. Алайда әр бизнес-жобаның артында жеке кәсіп иесінің ғана емес, қосымша жұмыс орындарының да пайда болу мүмкіндігі бар.

Сондықтан жұмыспен қамту саясаты мен кәсіпкерлікті қолдаудың өзара байланысы барған сайын күшейіп келеді. Өз кәсібин ашқан азамат — бір мезетте әрі жұмыс беруші, әрі жұмыс орнының иесі.

Жұмыс берушіге — маман, жұмыс іздеушіге — жұмыс керек. Екеуінің арасын жалғайтын ең тиімді алаңдардың бірі — бос жұмыс орындары жәрмеңкесі. 2026 жылдың басынан бері Абай облысында 84 жәрмеңке

өткізілді. Оларға 445 жұмыс беруші мен 3 017 жұмыс іздеуші қатысты.

Нәтижесінде, 222 адам тұрақты жұмысқа орналасты. 208 азамат субсидияланатын жұмыс орындарына жіберілді. Оның ішінде 151 адам қоғамдық жұмыстарға, 17 адам әлеуметтік жұмыс орындарына, 39 адам жастар практикасына, бір адам «Күміс жас» жобасына жолданды. Тағы 12 адам қысқамерзімді кәсіптік оқытуға бағытталды. Жәрмеңкелердің тағы бір ерекшелігі — мұнда азамат тек бос орын туралы ақпарат ғана қоймайды. Мемлекеттік жұмыспен қамту шараларына қатысу жолдарын да біледі. Жыл басынан бері осындай іс-шараларда 2 551 адамға кеңес берілген.

Жұмыс орындары жәрмеңкелері облыс аудандарында айына кемінде екі рет өткізіледі. Ал Семей қаласында көшпелі форматтағы іс-шаралар апта сайын ұйымдастырылады. Яғни жұмыс іздеген азаматтың мүмкіндікті өзі іздеп, мекеме жағалап жүруіне ғана емес, мүмкіндіктің азаматқа жақындауына жағдай жасалып отыр.

Жұмыспен қамту саясатының нәтижелі болуы ақпараттың халыққа қаншалықты

жеткеніне де байланысты. Мемлекеттік бағдарламалар, кәсіптік оқыту, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері мен қолдау іс-шаралары туралы халыққа тұрақты түрде түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Әсіресе шалғай ауылдық елді мекендерді қамтуға мән беріліп отыр. Бүгінге дейін мұнда 17 ақпараттық-түсіндіру іс-шарасы өткізілді.

Бұл ретте ақпараттандырудың өзі жұмыспен қамтудың бір тетігіне айналып отыр. Себебі мемлекеттік қолдау бар болғанымен, одан хабарсыз азамат сол мүмкіндікті пайдалана алмайды.

Абай облысының жұмыспен қамту саласындағы көрсеткіштері жаман емес. Жұмыссыздық деңгейі — 4,7 пайыз. Жастар арасындағы жұмыссыздық — 2,4 пайыз. Жыл басынан бері 8 463 адам жұмысқа орналасты.

Бірақ кез келген статистиканың ар жағында адам тағдыры тұрғанын ескерсек, негізгі міндет мұнымен аяқталмайды. Ең маңыздысы — уақытша жұмысқа орналастырудан тұрақты жұмыспен қамтуға көшу. Жұмыссыз азаматтың жаңа мамандық игеруі, кәсіп бастауға мүмкіндік алуы, еңбек нарығында сұранысқа ие болуы — жұмыспен қамту саясатының шынайы нәтижесін айқындайтын көрсеткіштер. Абай облысында осы бағыттардың бәрі қатар қамтылып отыр. Ал жыл соңына дейінгі мақсат айық: 13 324 адамды жұмыспен қамту. Бұл — жай ғана жоспарлы көрсеткіш емес. Бұл — мыңдаған адамның тұрақты табысқа, жүздеген отбасының әлеуметтік тұрғыдан орнықты өмірге қадам басуына мүмкіндік беретін жеке.

Еңбек нарығында тұрақтылық сақталса, жаңа кәсіпорындар ашылып, жұмыс орындары көбейсе, азаматтардың кәсіби білімі мен кәсіпкерлік белсенділігі артса, өңір экономикасының да ілгерілеуіне дап ашылады. Өйткені жұмыспен қамтылған адам — экономиканың көрсеткіші ғана емес, елдің әлеуметтік тұрақтылығының тірегі.

11 ТАМЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

СУ ҮНЕМДЕУДІҢ ЖАҢА ӘДІСІ

Сыр өңірінде су тапшылығы күшейген сайын әр тамшыны тиімді пайдалану қажеттілігі артып келеді. Соған сәйкес, диқан қауымы күріш алқаптарын қысқартумен қатар су үнемдеудің жаңа тәсілдерін қарастырып әлек. Соның бірі – кейінгі кездері егістіктен шығатын қашыртқы суын қайта пайдалану жайы да жиі сөз бола бастады. Бұл тәсіл Қызылордаға қаншалықты тиімді? Тың әдіс өңір үшін жаңа мүмкіндікке айнала ала ма?



А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Ежелден Сыр бойының тіршілігі суға тікелей тәуелді. Яғни Қызылорда облысының экономикасы мен әлеуметтік жағдайында суармалы егіншіліктің орны бөлек болса, егін шаруашылығының тұрақтылығы Сырдария суына байланысты болып келеді.

Кейінгі жылдары елімізде болған су тапшылығына байланысты күрделі жағдай күрішті өңірді де айналып өтпеді. Қуаңшылық кейбір аймақтардың егістік алқабын қурастырып, шаруалардың ісін алға бастырмай қойды. Сыр диқандары талай сын сағатты бастап өткерді. Қиындықты еңсеру мақсатында көптеген тың тәсілді қолданысқа енгізуге бет бұра бастады. Суарудың бірнеше әдісін қолдануға көшті.

Қызылорда облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәліметіне сүйенсек, 2026 жылғы вегетациялық кезеңде облысқа тұрақты суаруға 3,2 млрд текше метр су лимиті белгіленіпті. Бұл көлем 185,8 мың гектар алқаптағы ауыл шаруашылығы дақылдарын сумен қамтамасыз етуге бағытталған. Оның ішінде аймақтың басты дақылы – күріштің биылғы көлемі былтырғы жылмен салыстырғанда 10,9 мың гектарға қысқарып, 70 мың гектармен шектелді. Оның орнына суды аз қажет ететін дақылдардың үлесін арттыру көзделіп отырғанын мәлімдеді. Бір сөзбен айтқанда, су тапшылығына жауап ретінде облыс егіс құрылымын өзгертуге мәжбүр болды. Мұның өзі жағдайдың қаншалықты күрделі екенін аңғартады.

Өйткені биыл облыс Сырдариядан былтырғыдан шамамен 700 млн текше метрге кем су алады. Демек, егістік көлемі аса қысқармағанымен, оған қажетті судың мөлшері қатаң бақылауда болуға тиіс екені өздігінен байқалып тұр.

Қиын кезеңді бастан кешкен сала мамандары су шаруашылығындағы бұрынғы қағиданы өзгертуге мән бере бастады. Осы тұрғыдан алғанда қашыртқы суға жаңа көзқарас қалыптасты.

«Биыл вегетациялық кезең басталғаннан бері Сырдария өзенінен каналдар арқылы 2,9 млрд текше метр су алынып, оның 2,4 млрд текше метрі егістікке жеткізілді. Су тапшылығы жағдайында суды көп қажет ететін күріш көлемі қысқартылып, оның орнына дәндік жүгері алқабы 5 есеге ұлғайып, 10 мың гектарға жеткізілді. Бұл – егін шаруашылығын әртараптандырумен қатар су ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған маңызды қадам. Су үнемдеу технологияларын енгізу жұмыстары да қарқынды жүріп жатыр. Былтыр мұндай технологиялар 8,1 мың гектарда қолданылса, биыл көрсеткіш 14,2 мың гектарға дейін артты. Сонымен бірге лазерлік тегістеу жұмыстары жүргізілетін күріш алқабы 60 мың гектардан 65 мың гектарға ұлғайтылды. Ал қашыртқы суларын қайта пайдалану мақсатында облыста 398 насос қондырғысы дайындалды.

Алдағы үш жылға егін шаруашылығын әртараптандыру және су үнемдеу технологияларын енгізуге 34 млрд теңгеден астам мемлекеттік қолдау қарастырылған. Бұл қаражат шаруалардың заманауи технологияларға көшуіне және су ресурстарын ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді. Біздің негізгі мақсатымыз – әрбір текше метр судың тиімділігін арттырып, ауыл шаруашылығын су тапшылығы мен климаттық өзгерістер жағдайына беімдеу», – дейді бұл жайында Қызылорда облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының баспасөз қызметінен.

Негізінен, су тапшылығын тек күріш көлемін қысқарту арқылы шешу жеткіліксіз. Оны уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Ал қашыртқы суын қайта пайдалану мәселесіне келсек, оны қалдық су ретінде емес, есесіне қайта пайдалану арқылы қуаңшылыққа аз да болса сеп болатын жолдарын қарау қажеттігі өздігінен сұранып тұр.

Жалпы, егістікке жіберілген су түгел өсімдікке жұмсалмайтыны белгілі. Оның бір бөлігі топыраққа сіңеді, қалған бөлігі буланып, артығы қашыртқы және коллекторлық жүйелер арқылы алқаптан шығарылады. Алайда қашыртқы суды ешқандай тексерусіз қайта егістікке жіберуге болмайды. Себебі оның құрамында топырақтан шайылған тұздар мен минералдар жиналу мүмкіндігі жоғары екені әлдеқашан дәлелденген.

Сондықтан су мамандары қашыртқы суды қайта пайдалану әдісін үш негізгі талап бойынша жүргізу қажеттігін алға тартады. Атап айтқанда, судың химиялық құрамын тұрақты зерттеу, топырақтың тұзлану деңгейін бақылау және қашыртқы суды таза сумен араластыру немесе тиісті тазарту технологиясын қолдану арқылы кәдеге жарату қажет деген пікір бар.

Осы ретте Қызылорда облыстық қоғамдық кеңес мүшесі Нұрбек Дәуренбеков қазіргідей қуаңшылық жайлаған кезеңде қиындау суды қайта пайдалану әдісін тәжірибе жүзінде жүзеге асыру мақсатында



Су үнемдеу технологияларын енгізу жұмыстары да қарқынды жүріп жатыр. Былтыр мұндай технологиялар 8,1 мың гектарда қолданылса, биыл көрсеткіш 14,2 мың гектарға дейін артты.

облыста пилоттық жобаны іске қосу қажет деп есептейді. Яғни бірнеше ауданнан суармалы егіншілігі жақсы жолға қойылған шаруашылықтар тандалып, олардың қашыртқы су жүйесіне зерттеу жүргізу қажет. Сол арқылы жоғарыда айтып өткен бірінші және екінші санат бойынша алдымен қашыртқы судың химиялық құрамын анықтау тиіс. Осыдан кейін тазартылған суды тәжірибелік алқаптарға беру арқылы нәтижесі бақылауға болады деген пікірде.

«Қазір су тапшылығы – Сыр өңірі үшін аса өзекті мәселенің бірі. Сондықтан қолда бар судың әр текше метрін тиімді пайдалануымыз қажет. Қашыртқы суды қайта пайдалану осы бағыттағы маңызды тетіктердің бірі деп ойлаймын. Әсіресе күріш алқаптарынан шығатын суды ысырап етпей, оның сапасын ғылыми тұрғыда зерттеп, тазарту және қайта айналымға қосу мәселесіне баса мән берген жөн.

Әрине, қашыртқы суды ешқандай тексерусіз егістікке қайта жіберуге болмайды. Оның құрамындағы тұз, минералдық және химиялық көрсеткіштері арнайы зертханалық сараптамадан өтуі керек. Егер судың сапасы талапқа сай болса, таза сумен араластыру, сүзгілеу немесе табиғи жолмен тазарту арқылы қайта пайдалануға болады. Бұл бір жағынан Сырдариядан алынатын судың көлемін азайтса, екінші жағынан шаруаларға су тапшылығы кезеңінде қосымша мүмкіндік береді.

Сондықтан бұл бағытта Қызылорда облысында арнайы пилоттық жобалар іске қосылып, ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілгені дұрыс. Мемлекет тарапынан су тазарту қондырғыларын алуға субсидия немесе жеңілдетілген лизинг қарастырылса,

шаруалардың да қызығушылығы артар еді. Су үнемдеу технологияларын енгізу – бүгінгі күннің ғана емес, болашақ ұрпақтың қамы ретінде қарастырылуы керек. «Судың да сұрауы бар» деген сөзді нақты іспен дәлелдейтін кезең келді», – дейді Қызылорда облыстық қоғамдық кеңес мүшесі Нұрбек Сағатұлы.

Әлемдік тәжірибеде суды қайта пайдалану тың жаңалық емес. Яғни су тапшылығы күшейген кезде қашыртқы суды қайта пайдалану әлемнің бірқатар суармалы егіншілігі дамыған үлкенінде әлдеқашан қосымша су көзі ретінде қарастырылып келеді. Соның ішінде Мысырдың Ніл атырабы қашыртқы суды егістік алқапқа қайта пайдалану арқылы жоғары жетістіктерге жетіп отыр. Бұл тұрғыда ауыл шаруашылығы алқаптарынан шыққан қашыртқы су арнайы сорғы стансалары арқылы қайтадан суару арналарына көтеріліп, тұщы сумен араластырылады. Мысыр елі 1980 жылдардан бастап осы тәсілді мемлекеттік су саясатының бір бөлігіне айналдырған.

Ал еліміздің онтүстігіндегі зерттеулер бұл әдістің әлеуеті зор екенін байқатады. Нақты айтқанда, Қызылорда облысына іргелес қоныстанған Түркістан облысының суармалы жүйелерінде жылына шамамен 1,2-1,5 текше шақырым коллекторлық-дренаждық су қалыптасатыны және оны суару мақсатында қайта пайдалануға болатыны зерттелген.

Өз кезегінде қашыртқы суды қайта пайдаланудың су тапшылығына үлкен сеп болатынын Сыр диқандары да жокқа шығармайды. Мұны су үнемдеудің бір тетігі ретінде қарастыруға болатынын алға тартады.

«Жалпы, су тапшылығы жағдайында қиындықтан шығудың бір ғана жолына байланып қалмай, қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың барлық тәсілін қарастыру қажет. Қазір шаруалар үшін әрбір текше метр судың өзі маңызды. Сондықтан қашыртқы суды қайта айналымға енгізу де – су үнемдеудің бір тетігі.

Әрине, қашыртқы суының құрамында тұз мөлшері мен қышқылдығы жоғары болуы мүмкін. Сол себепті оны тікелей пайдаланбай, таза сумен араластырып, қажетті деңгейге жеткізгеннен кейін егістікке қайта беруге болады. Бұл әдіс арқылы суды бірнеше мәрте пайдалануға мүмкіндік туады. Тіпті кей жағдайда қашыртқы суды арнайы алқаптарға жұқалап ұстап, келтіріп, құрамындағы тұздың мөлшерін төмендетіп, кәйін қайта айналымға жіберу арқылы да дақылдарды сақтап қалуға болады. Яғни қазіргі жағдайда ысырап болып жатқан судың өзін қосымша ресурс ретінде қарастыруымыз керек.

Су тапшылығы тек биылғы жылдың мәселесі емес. Климаттың өзгеруі, ауа температурасының жоғарылауы, өзен

суының азаюы алдағы уақытта да шаруаларға салмақ салуы мүмкін. Сондықтан бүгіннен бастап суды үнемдеу, қайта пайдалану және балама су көздерін іздеу бағытында нақты тәжірибелер жүргізу маңызды. Біз де осы мақсатта түрлі тәсілді қарастырып, шаруашылық жағдайында тиімді болатын жолдарын іздестіріп жатырмыз.

Осы орайда алдағы аптада Қытайға барып, жер астындағы тұзды суды жер бетіне шығару, оны арнайы жолмен буландыру және кәдеге жарату тәжірибесімен танысуды жоспарлап отырмын. Көрші ел мамандарының тәжірибесін зерделеп, қажет болса, осы бағытта жұмыс істейтін сарапшыларды тарту мәселесін де қарастырамыз. Егер бұл технология біздің өңірдің табиғи жағдайына бейімделетін болса, қуаңшылық кезеңінде қосымша су көзін қалыптастырумен қатар, жер астындағы тұзды судың құрамындағы пайдалы ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік берер еді.

Сондықтан су тапшылығынан қысылмай шығудың жолы – суды үнемдеумен ғана шектелмей, қолда бар судың әр түрін тиімді пайдалану, қайта айналымға жіберу және жаңа технологияларды тәжірибеге батыл енгізу керек. Қуаңшылық жағдайында осындай ізденістердің маңызы жоғары деп есептеймін», – дейді «Абай-Дәулет» ЖШС директорының орынбасары Марат Сәрсенбаев.

Қалай дегенде де Сыр өңірі күріштен бірден бас тарта алмайды. Өйткені ол Қызылорда облысының ауыл шаруашылығындағы негізгі экономикалық дақылдардың бірі саналады. Сондықтан мәселе күрішті азайтумен емес, оның әр гектарына жұмсалатын суды тиімді пайдалану әдісімен өлшенуге тиіс.



ХАЙП ҮШІН ЗАҢДЫ АТТАУҒА БОЛМАЙДЫ

Лайк, қаралым, жазылушы мен донатқа ұмтылған кейбір әлеуметтік желі қолданушылары әдеп пен құқық шегінен асып кетуді «контент» санайтын болды. Балағат сөз, қауіпті пранк, жанжал мен тікелей эфирдегі оғаш әрекет арқылы аудитория жинауға тырысатындарға полиция да назар аударып отыр.

А Эльмира ЖҰРСІНБЕКҚЫЗЫ, Абай облысы

Әлеуметтік желі бүгінде ақпарат тарататын, пікір білдіретін алаң ғана емес. Ол жеке бренд қалыптастырып, аудитория жинап, одан табыс табуға мүмкіндік беретін үлкен кеңістікке айналды. Алайда танымал болуға деген талпыныс кей жағдайда адамды құқықтық және моральдық шектен аттауға итермелейді.

«Көп қаралым – көп табыс», «көп лайк – көп танымалдық» деген түсінік кейбір қолданушыларды әдейі арандатушылыққа, бейәдеп әрекетке, тіпті қоғамдық тәртіпті бұзуға алып барады. Мұндай жағдайда виртуалды ортадағы әрекеттің соны нақты жауапкершілікке ұласуы мүмкін.

Ішкі істер органдары әлеуметтік желілердегі құқыққа қайшы контентті анықтап, оның жолын кесу бойынша мониторинг жүргізіп келеді. Соңғы уақытта тікелей эфир арқылы қоғамдық тәртіпті бұзған азаматтарға қатысты әкімшілік шаралар қолданылған жағдайлар да аз емес.

Абай облысында полиция TikTok платформасындағы тікелей эфир кезінде балағат сөздер айтып, әдепсіздік танытқан әйелді анықтады. Эфир барысында ол есірткі қолданатынын да мәлімдеген. 26 жастағы Азиза Қоқанова Түркістан облысының тумасы, Семей қаласында уақытша тұрған. Медициналық куәландыру нәтижесінде оның ішімдікке масаң күйде болғаны белгілі болды. Сот шешімімен азаматша ұсақ бұзақылық жасағаны үшін 10 тәулікке әкімшілік қамауға алынды. Бұл жағдай әлеуметтік желідегі тікелей эфирдің де заңнан тыс кеңістік емес екенін көрсетеді. Экранның ар жағында жасалған әрекет виртуалды болып көрінгенімен, оның құқықтық салдары нақты.

Мұндай фактілер өзге өңірлерде де тіркеліп отыр.

Астана қаласының 37 жастағы тұрғыны Индира Ештаева тікелей эфир барысында балағат сөздер айтып, заңға қайшы контент таратқан. Ол ұсақ бұзақылық жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Алматыда 32 жастағы Ақтөре Батырбек тікелей эфир кезінде балағат сөздер айтып, айналасындағыларды балағаттаған. Сот шешімімен ол 5 тәулікке әкімшілік қамаққа алынды.

Шымкентте 20 жастағы Данияр Сейдалиев аудиторияның назарын аудару мақсатында тікелей эфирде электрошокер қолданып, адам ұрлау көрінісін әдейі ұйымдастырған. Сонымен қатар эфир барысында балағат сөздер айтып, қоғамдық тәртіпті өрескел бұзған. Осы әрекеті үшін ол 8 тәулікке әкімшілік қамауға алынды.

Жамбыл облысында 41 жастағы Лайло Қасымов бірнеше рет тікелей эфирге шығып, балағат сөздер айтып, құқыққа қайшы контент таратқан. Оған әкімшілік айыппұл салынды.

Осы облыста 19 жастағы Байбек Жаркынай мен Асылжан Танайбергеновтің TikTok-та донат жинау және аудитория тарту мақсатында бір-біріне әдейі дене жаракатын салып, хайп үшін контент жасағаны анықталған. Екеуі де әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Ақтөбе облысының тұрғыны Санат Нұртаев TikTok және Instagram желілерінде бейәдеп сөздер қолданғаны үшін жауапкершілікке тартылды.

Түркістан облысында TikTok-та тікелей эфир жүргізген 39 жастағы Баян Шанкееваның агрессивті мінез-құлық танытып, былапыт сөздер қолданғаны анықталған. Ол да сот шешімімен жауапкершілікке тартылды.

Павлодар қаласының 26 жастағы тұрғыны Аслан Амантаев көлік жүргізіп келе жатып тікелей эфирде былапыт сөздер айтқан.

Бұған қоса, қауіпсіздік белдігін тақпаған. Сот шешімімен азамат 20 тәулікке әкімшілік қамауға алынды.

Талдықорғанда TikTok-та тікелей эфир кезінде қоғамдық әдеп нормаларын бұзып, бейәдеп сөздер айтқан 44 жастағы Гүлмира Касенова анықталды. Тексеру барысында оның бұған дейін де осындай құқықбұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны белгілі болды. Соған қарамастан заң талабын қайта бұзған азаматшаға сот шешімімен айыппұл салынды.

Бұл оқиғалардың барлығында ортақ бір нәрсе бар. Ол – аудитория назарын аударуға деген ұмтылыс. Бүгінде кейбір әлеуметтік желі қолданушылары үшін лайк, қаралым, жазылушы саны мен донат көлемі негізгі көрсеткішке айналған. Аудитория көбейген сайын табыс та артатынын түсінгендер контенттің сапасына емес, оның қаншалықты «шулы» екеніне мән бере бастайды. Бірі балағат сөз айтып көрермен жинайды. Екіншісі, жанжал шығарады. Үшіншісі, қауіпті пранк ұйымдастырады. Тағы бірі өзінің немесе өзгелердің өміріне қауіп төндіретін әрекетті камераға түсіріп, оны «қызық контент» ретінде ұсынады.

Бірақ хайптың артында адам тағдыры, қоғамдық қауіпсіздік және жауапкершілік тұр. Әсіресе мұндай контентті балалар мен жасөспірімдердің де көретінін ескерген жөн. Экраннан көрген әрекет олардың санасында қалыпты мінез-құлық үлгісі ретінде қабылданыуы мүмкін. Осылайша, бір адамның жеке әрекеті көпшілікке әсер ететін әлеуметтік құбылысқа айналады. Сондықтан мәселе тек құқық бұзушының әрекетінде емес. Бұл – қоғамның ақпараттық және моральдық мәдениетіне қатысты мәселе.

Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Ерлан Қарин хайп үшін заң бұзғандарды ашық жауапкершілікке тарту өзгелерге сабақ болып, қоғамда жана қоғамдық этиканы қалыптастыруға ықпал ететінін атап өткен. Шын мәнінде, қоғамдық мәдениет көшеде немесе қоғамдық орында ғана қалыптаспайды. Ол әлеуметтік желідегі әрекеттен де көрінеді.

Адамның интернетте жазған сөзі, жариялаған видеосы, тікелей эфирдегі мінез-құлқы – оның мәдениетінің бір бөлігі. Сондықтан әлеуметтік желідегі еркіндік жауапкершілікпен қатар жүруі керек. «Бұл – интернет, мұнда бәріне болады» деген түсінік қате. Интернет – заңсыздыққа жол беретін кеңістік емес. Виртуалды ортадағы әрекеттің де нақты құқықтық салдары бар.

Полицияның әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізуі де сөз бостандығын шектеуді мақсат етпейді. Негізгі міндет – заң талаптарының интернет кеңістігінде де сақталуын қамтамасыз ету, азаматтардың қауіпсіздігін қорғау және қоғамдық тәртіпті бұзатын әрекеттердің алдын алу.

Бірнеше минуттық танымалдық үшін абыройға нұқсан келтірудің, заң бұзудың, өзгеге зиян келтірудің қажеті жоқ. Әлеуметтік желідегі кез келген әрекеттің аудиториясы бар. Ал аудиториясы бар жерде жауапкершілік те бар. Бүгін әзіл немесе пранк ретінде қабылданған әрекет ертен әкімшілік жауапкершілікке, қоғам алдындағы сынға немесе адамның бейнесіне нұқсан келтіретін жағдайға айналуы мүмкін. Қазір қоғамға заңды білетін ғана емес, заңды құрметтейтін азаматтар қажет. Әлеуметтік желіде де, күнделікті өмірде де өзін-өзі ұстау мәдениеті қалыптасуға тиіс. Хайп уақытша. Ал жауапкершілік – нақты. Сондықтан лайк үшін заңды, донат үшін әдепті, бірнеше минуттық танымалдық үшін адамдық ұстанымды құрбан етпеген жөн. Заң мен тәртіп – баршаға ортақ. Ал экранның ар жағындағы әрекет те сол заң мен тәртіптен тыс қалмайды.

АЙМАҚ

11 ТАМЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ



ЖҮГЕРІ ӨҢДЕЙТІН
АЛПАУЫТҚА АЙНАЛМАҚ

Елімізде өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлесін 70 пайызға жеткізу межесі қойылғаны белгілі. Мемлекет басшысының осы тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында Жамбыл облысында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Шу ауданында салынып жатқан жаңа кәсіпорында алдағы уақытта мыңнан аса жаңа жұмыс орны құрылмақ. Компания басшылығы жұмысшылардың 90 пайызын жергілікті азаматтар құрайтынын айтады.

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Тоғыз жолдың торабында орналасқан Шу ауданында ірі жобалар қолға алынып жатқанына біраз жыл болған. «Жібек жолы» арнайы экономикалық аймағында кейінгі бірер жылдың белерінде 10 кәсіпорын бой көтеріп, 4 мың адамды жұмыспен қамтуда. Ал қытайлық инвесторлар қолға алған жүгеріні қалдықсыз өңдейтін зауыт құрылысы бүгінде қарқынды жүріп жатыр.

«Кәсіпорын құрылысын жүргізу мақсатында мыңдаған жұмысшы жұмылдырылды. Зауыт ашылған кезде 1 500 азамат жұмыспен қамтылады. Біз жүгеріні терең өңдеу ісіне кірісу арқылы лейцин, изолейцин, валин, глютамин, цитрулин секілді амин қышқылдарын аламыз. Бұдан бөлек, крахмал, глюкоза және мал азығын өндіреміз.

Жалпы алғанда, жаңа зауытта жұмыс істейтін мамандардың 90 пайызы жергілікті азаматтар болады. Жұмысшылар алдағы жылдары шет мемлекеттерде біліктілігін арттырады. Шу ауданында барлығы 19 инвестициялық жоба жанданады», — дейді Shengtai Biotech CO. LTD ЖШС басшысының орынбасары Сю Цзин Чжао.

Мамандардың сөзіне сүйенсек, зауыттың өнімділік қуаты жылына 500 мыңнан 1 млн тонна жүгері өңдеуге дейін жетпек. Ал кәсіпорын толық қуатында жұмыс істеген кезде бұл көрсеткішті 3 млн тоннаға дейін жеткізуге мүмкіндігі тумак. Жаңа зауыт құрылысын жүргізуге шамамен 420 млрд теңге инвестиция тартылған.

Облыс әкімі Ербол Қарашөкеевтің айтуынша, жаңа жоба онтүстік өңірлердегі агроөнеркәсіп саласын дамытуға айрықша серпін бермек. Өйткені мұнда жұмысты жүйелі түрде жүзеге асыруға барлық мүмкіндік қарастырылған.

«Мемлекет басшысы өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлесін 70 пайызға жеткізу міндетін жүктегені мәлім. Біз таңдаған басым бағыттың бірі — дәнді дақылдарды терең өңдеу. Бұл жоба — жүктелген міндетті жүзеге асырудың нақты көрінісі. Іргесі қаланып жатқан жаңа зауытта егістіктен бастап тұтынушыға дейінгі жоғары сұрыпты өнім өндіретін біртұтас жүйе қалыптастырылған. Бірегей жоба еліміздің онтүстік өңірлерінде агроөнеркәсіп кешенін қарқынды түрде өркендетуге тын серпін берері анық. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне тұрақты табыс әкеледі», — дейді Е.Карашөкеев.

Компания басшылығының айтуынша, серіктестік құрылыс жұмысы кезінде, негізінен, қытайлық технологияны қолданады. Сондықтан мамандар да көрші елден жұмылдырылатыны түсінікті. Алайда зауыт құрылысы аяқталғаннан кейін жұмыстың басым бөлігін жергілікті мамандар жүзеге асырады.

«Жергілікті азаматтарды жұмыспен қамту туралы уәдемізге берік болуға мүдделіміз. Бұл өз кезегінде шығынымызды азайтатынын айта кеткен ләзім. Біздің жоспар бойынша басқару жүйесіндегі 50 мааман ғана Қытайдан келеді. Қалған шаруаны жүзеге асыруға еліміздің азаматтары жұмысқа қабылданатыны анық. Біз қазір Алматы қаласы мен Жамбыл облысындағы университеттермен сөйлесіп жатырмыз. Олар бізге керек мамандарды даярлауға көмектеседі. Жергілікті 40 студентті жаңа технологияны меңгеру мақсатында Қытайға оқуға жіберіп, олардың біліктілігін арттырдық. Ал компания Жамбыл облысы аума-

ғында тіркелгендіктен, салықтық түсімдер Жамбыл облысына төленеді», — дейді серіктестік басшысының орынбасары. Мамандар келтірген дерекке жүгінсек, зауыт осы жылы жұмысты ішінара бастауға ден қойып отыр. Нақтырақ айтсақ, биыл 500 мың тонна жүгеріні өңдеуге күш салмақ. Ал 2027 жылы серіктестік 1-1,5 млн тонна көлемінде жүгері сатып алуға бекініп отыр.

«Біз өзімізге қажетті жүгерінің бәрін Қазақстанның онтүстік өңірлерінен алуға ниеттіміз. Әлбетте, мүмкіндік жетсе, елдің барлық өңірінен сатып алуға қауқарымыз жетеді. Сіздердің комектеріңіздің арқасында онтүстіктегі шаруалардың басым көпшілігі жүгері егеді деп сенемін. Осы орайда Жамбыл облысы әкімдігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігі бізге қолдан келгенше қолдау көрсетіп отырғанын айта кеткен жөн. Ал жүгерінің сұрпына қатысты айтар болсам, біздің зауытқа жергілікті өнім жарайды. Қандай да бір талабымыз жоқ. Жұмсақ жүгеріні ғана қабылдаймыз. Шаруалар осыны назарда ұстаса дейміз. Ал жүгеріні сатып алу нарықтық баға жүйесімен жүзеге асырылады. Себебі бізде бекітілген нақты баға тарифі жоқ», — дейді компания өкілі.

Серіктестік басшысының орынбасары келтірген дерекке жүгінсек, отандық шаруалар жүгері алқабын кеңейтуге ниеттенсе, Shengtai Biotech CO. LTD ЖШС тарапынан оларға техникалық көмек көрсетуге мүмкіндік бар. Алайда жергілікті азаматтармен бірлесіп жүгері алқаптарын кеңейте алмайды. Өйткені еліміздің заңнамасында шетелдік компаниялардың Қазақстан аумағында мұндай жұмыс атқаруына тыйым салынған.

«Зауыт толық қуатында жұмыс істеген кезде өндірілген өнімді Жерорта теңізі манаындағы елдерге, дәлірек айтсақ, Еуропа мемлекеттері мен Солтүстік Африка елдеріне экспорттауға бел буып отырмыз. Оны нақты уақытында жүзеге асыратын өзіміздің жоба-жоспарымыз бар», — дейді Сю Цзин Чжао.

Жұмысын кезең-кезенімен жандандыруға тәуекел еткен зауыт басшылығынан жергілікті азаматтардың жалақысы туралы да сұрадық. Компания басшылығының сөзіне, мұндағы қызметкерлердің еңбек-ақысы 200 мың теңгеден 1 миллион теңге аралығында болмақ екен. Жалақы көлемі қызметкердің функционалдық міндетіне байланысты тағайындалады.

«Кәсіпорында жатып жұмыс істеуге ниетті азаматтарға арналған екі бірдей жатақханамыз бар. Олардың осында қалып қызметтік міндетін атқаруға ешқандай кедергі жоқ. Әрқайсысына 900-ден астам адам сыяды. Бұдан бөлек, отбасылы жұмысшыларға арналған пәтерлер де бар. Ал үйіне барып келіп жұмыс істегісі келетіндерге арнайы көлік қарастырылған», — дейді серіктестік басшысының орынбасары.

Компания университеттермен келісім жүргізу аясында Қытайға оқуға жіберілген жастардың бәрін жұмысқа қабылдаған. Олар тек жұмыс істеу жүйесін толық меңгеру, кәсіби біліктілігін жетілдіру мақсатында ғана арнайы курстарға жіберіледі. Зауыт манаында орналасқан асханада қазық мәзірге сай тағамдар дайындалатынын да айта кеткен жөн. Бір сөзбен айтқанда, жүгеріні тереңдетіп өңдейтін зауытта жұмыс істеуге барлық мүмкіндік қарастырылғаны көңіл қуантады. Бұл инвестициялық жоба елімізді, Жамбыл облысын өңдеуші салада жаңа белеске шығаратыны анық.

ЕЛ ҚОРҒАНЫНЫҢ
БЕРІК ҚАЛҚАНЫ

Елімізде әскери резерв жүйесін қалыптастырудың алғашқы қадамдары басталды. Мақсат – Қарулы Күштердің жұмылдыру дайындығын күшейту, әскери даярлығы бар азаматтардың әлеуетін тиімді пайдалану және қажет болған жағдайда ел қауіпсіздігін қамтама-сыз етуге дайын резерв қалыптастыру.

А Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

Атырау облысында да әскери резервке азаматтарды тарту бағытында түсіндіру және кәсіби бағдарлау жұмыстары жүргізілуде. Атырау облысы Қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының орынбасары, майор Жасұлан Сатыбалдиевтің айтуынша, әскери резерв бағдарламасы – Қазақстанның Қарулы Күштері жүйесінде қолға алынған маңызды бағыттардың бірі.

«Әскери резерв бағдарламасы Қазақстанның Қарулы Күштерінен бастау алды. Республика деңгейінде үгіт-насихат, кәсіби бағдарлау жұмыстары жүргізілуде. Жаңа бағдарламаға сәйкес, енді запастағы офицерлер мен кәсіби даярланған сержанттар үш жыл көлемінде резервте әскери қызмет атқарады. Олар Қарулы Күштерде даярлықтан өтіп, жұмылдыру жұмыстарына қатысады. Бірақ резервтегі әскери қызмет – ерікті түрде жүзеге асады», — дейді майор Жасұлан Сатыбалдиев.

Оның айтуынша, резервке тартылған азаматтарға қызмет кезеңінде бірқатар әлеуметтік және материалдық қолдау қарастырылған. «Резервтегі әскерилер



төмамдап, әскери кафедрада білім алған. Қазір қаладағы мектептердің бірінде алғашқы әскери дайындық пәнінен сабақ береді.

«Офицерлік шенім бар. Өзім мұғаліммін. Балаларға алғашқы әскери дайындық пәнінен сабақ беремін. Бүгінгі уақытта қосымша резервте қызмет атқарып жатырмын. Айына үш күн қызмет атқарамыз, оған қосымша 85 мың теңге жалақы аламыз. Әскери машығымды жетілдіру мақсатында әрі елге қызмет ету үшін резервке келдім», — дейді резервтегі офицер Наурызбай Дауылбайұлы.

Атырау облысы Қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының орынбасары, майор Жасұлан Сатыбалдиевтің айтуынша, резервке қабылдау кезінде азаматтардың әскери даярлығы, денсаулық жағдайы, жасы және тандалған әскери лауазымға

бұл – негізгі кәсібін жалғастыра отырып, әскери машығын жетілдіру және қосымша табыс табу мүмкіндігі.

Резервшілер оқу-жаттығу кезеңдерінде әскери даярлықтан өтіп, өздерінің кәсіби және физикалық дайындығын жетілдіреді. Осы арқылы біржылдық мерзімді әскери қызметтен кейін азаматтық өмірге толықтай оралатын азаматтардан ерекшеленетін, әскери дағдыларын жүйелі түрде жаңартып отыратын дайын резерв қалыптасады.

Қазір мұндай резервтің маңызы артып отыр. Қарулы Күштерге дәстүрлі әскери мамандармен қатар, байланыс, ақпараттық технологиялар, инженерлік бағыт, ұшқышсыз жүйелер және басқа да техникалық салаларды меңгерген мамандар қажет. Сондықтан әскери резерв тек әскери мамандық иелерін ғана емес, азаматтық салада еңбек етіп жүрген, бірақ ел қауіпсіздігіне үлес қосуға дайын білікті мамандарды да біріктіретін жүйеге айналуы мүмкін.

Әскери резервтің тағы бір маңызды қыры – азамат пен мемлекет арасындағы жауапкершілікті ұштастыру. Резервші бейбіт уақытта өз мамандығы бойынша еңбек етіп, отбасына және қоғамға пайдасын тигізсе алады. Ал ел қауіпсіздігіне немесе төтенше жағдайларға байланысты қосымша күш қажет болған жағдайда, ол әскери даярлығын пайдалана отырып, мемлекетке қызмет етуге дайын болады.

Ауған соғысының ардагері, қоғам қайраткері Бақытбек Смағұл әскери резерв тақырыбына берген сұхбаттарының бірінде Қазақстан Финлян-



кәдімгі әскери қызметшімен тең құқыққа ие болады. Олар әскери киіммен қамтамасыз етіліп, ай сайынғы төлем алады. Қазір еңбекақы көлемі 85 мың теңгені құрайды. Келер жылы бұл көлем ұлғаяды деп күтілуде. Сонымен қатар резервтегі азаматтарға әлеуметтік пакет ұсынылады. Олардың қатарында балаларды балабақша мен мектепке орналастыруға қатысты мүмкіндіктер, сондай-ақ жеңілдетілген тұрғын үй бағдарламаларына қатысу, медициналық сақтандыру секілді шаралар бар», — делі майор Жасұлан Сатыбалдиев.

Жалпы, Атырау облысында биылғы әскери резервке 31 азаматты шақыру жоспарланған. Қазіргі уақытта 16 азамат әскери резервте қызмет етуде. Ескерерлігі, әскери резервке қабылдау кезінде азаматтардың бұрынғы әскери даярлығы мен азаматтық мамандығы да ескеріледі. Әсіресе мерзімді әскери қызмет өткерген, әскери-техникалық мектептерде немесе әскери кафедраларда білім алған азаматтарға басымдық беріледі.

Ерекше атап өтерлігі, резервтегі қызметтің ерекшелігі — азамат негізгі жұмысынан қол үзбей, әскери даярлығын жетілдіре алады. Мұндай мүмкіндік Атыраудағы резервшілердің бірі Наурызбай Дауылбайұлы үшін де маңызды болған.

Ол Атыраудағы Халел Досмұхамедов атындағы университетті 2020 жылы

Резервшілер оқу-жаттығу кезеңдерінде әскери даярлықтан өтіп, өздерінің кәсіби және физикалық дайындығын жетілдіреді. Осы арқылы біржылдық мерзімді әскери қызметтен кейін азаматтық өмірге толықтай оралатын азаматтардан ерекшеленетін, әскери дағдыларын жүйелі түрде жаңартып отыратын дайын резерв қалыптасады.

сәйкестігі ескеріледі. Резервтегі қызмет офицерлік және сержанттық құрамды жүйелі түрде даярлауға мүмкіндік береді. Қолданыстағы талаптарға сәйкес, офицерлер 60 жасқа дейін, сержанттар мен сарбаздар 50 жасқа дейін резервтегі қызметке шақырылуы мүмкін.

Резервшілер Қазақстанның әр өңірінде орналасқан әскери бөлімдерде даярлықтан өте алады. Бұл жүйе ел аумағындағы әскери бөлімдердің жұмылдыру дайындығын арттыруға бағытталған.

Әскери резервтің басты артықшылығы — қажет болған жағдайда дайын тұрған азаматтарды қысқа мерзім ішінде жұмылдыруға мүмкіндік беру. Қарулы Күштер үшін резервшілердің тұрақты даярлықта болуы әскери бөлімдердің жұмылу уақытын қысқартуға және әскери дайындық сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Ал азаматтар үшін

дияның үлгісін алуға тиіс деген пікір айтқан еді. «Бұл шағын ұлт әскерге шақырылғандардан тұратын армия сыртында резервтік армияға да арқа сүйейді. Резервистерді тұрақты тонуста ұстап, даярлығын шындап, заманауи соғыс өнеріне, майдан даласындағы жаңа әскери машықтар мен айла-шарғыларға үйрету үшін Қорғаныс министрлігі түрлі қоғамдық әскери ұйымдарға иек артады. Нәтижесінде, бүгінде Фин резервистерінің қауымдастығы (FRA) қырық мындай резервистің басын біріктіретін шамамен 340 өңірлік ұйымнан тұрады» деген еді қоғам қайраткері. Осы тұрғыдан алғанда, әскери резервті дамыту — Қарулы Күштердің санын ғана арттыру емес, елдің жұмылдыру әлеуетін күшейтіп, әскери даярлығы бар азаматтардың тұрақты резервін қалыптастырудың заманауи тетігі.

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы «Энергоинформ» АҚ-ның 100% акцияларын сату бойынша электрондық сауда-саттық қайта өткізілетіні туралы хабарлайды

- Сауда-саттықтың өткізілетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 26 тамыз, сағат 10:00 (Астана қаласының уақыты бойынша).
- Сауда-саттық тәсілі: Бағаны көтеруге арналған электрондық конкурс.
- Объектінің атауы (№456916 лот): «Энергоинформ» АҚ-ның 100% акциялары.

- Объектінің мекенжайы: Тәуелсіздік даңғылы, 59
- Бастапқы баға: 2 581 948 000 теңге.
- Кепілді жарна: 387 292 200 теңге.
- Өтінім қабылдаудың аяқталуы: 2026 жылғы 26 тамыз сағат 09:55-ге дейін (Астана қаласының уақыты бойынша).

Сауда-саттық электрондық форматта WWW.PAYDA.E-QAZYNA.KZ веб-порталында өткізіледі. Қатысу үшін порталда тіркелу, ЭПҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) болуы және кепілдік жарнасын аудару қажет. Толық ақпарат, өткізу регламенті және конкурс құжаттамасы көрсетілген интернет-ресурста орналастырылған. Анықтама телефоны: +7 (7172) 692856.

ДОДА

11 ТАМЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

Алматыда шахматтан студенттер арасындағы әлем чемпионаты мәресіне жетті. Биыл FIDE World University Team Chess Championship алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Осыған дейін жарыстың финалдық кезеңіне жолдама алу үшін 49 елден 79 университеттік команда бақ сынасқан еді. Онлайн-квалификация қорытындысы бойынша, сегіз команда іріктеліп, тағы сегіз ұжым жарысқа ұйымдастырушылардың шақыруымен қосылды. Осылайша, бір аптаға созылған халықаралық додада 16 университеттен келген шахматшылар жеке шеберлігі мен командалық тактикасын сынға салды. Олардың қатарында Оксфорд, Кембридж, Гарвард, Saint Louis University, Webster University және University of Texas at Dallas секілді беделді оқу орындарынан келген қатысушылар да бар.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы

— Чемпионат сәтті өтті. Қатысушылар турнирдің өту барысына көңілі толғанын жеткізді. Алты құрлықтан келген студенттер Алматының тауларын, музейлерін аралап, қаланың ерекше атмосферасымен танысты. Бұл жарыс — Қазақстан үшін де маңызды оқиға. Себебі еліміз алғаш рет университеттер арасындағы әлемдік командалық чемпионатты өткізіп отыр. Бізді осы бастаманың ойдағыдай



жүзеге асқаны қуантады, — деді Қазақстан шахмат федерациясының бірінші вице-президенті Дәрмен Садвақасов.

Сонымен жарыс қорытындысы бойынша, үшінші орынға талас тартысты өтті. Қола жүлде үшін бәсекеге түскен KNUS пен University of Texas at Dallas командалары екі матч бойы бір-біріне басымдық бермей, есепті кезек-кезек теңестірді. Алғашқы кездесуде америкалық команда 2,5:1,5 есебімен алға шықса, екінші матчта дәл осындай есеппен KNUS таразы басын теңестірді.

Алғашқы матчта қазақстандықтар сапынан халықаралық мастер Арыстан Исанжулов Яир Парховты жеңіп, команда қоржынына толық ұпай салды. Ал гроссмейстер Қазыбек Нөгербек Самант Адитьямен тең ойнаса, Меруерт Камалиденова мен Әлішер Мәженов өз партияларында қарсыластарына жол берді. Екінші кездесуде KNUS ойыншылары есепті қайта теңестіруге мүмкіндік алды. Бұл жолы Арыстан Исанжулов пен Меруерт Камалиденова жеңіске жетіп, Қазыбек Нөгербектің тең ойыны команданың ұпай қорын толықтырды. Осылайша, екі матчтың жалпы есебі теңесіп, екі команда тай-брейк кезеңіне шықты. Бұл шешуші сәтте командалар 3+2 уақыт бақылауымен бір блиц-матч өткізді. Бір қызығы, дәл осы күресте Қазыбек Нөгербектің партиясы шешуші рөлге ие болды. Себебі оның Самант Адитьямен ойыны аяқталған сәтте америкалық команда екі ұпай жинап қойған еді. Алайда қазақстандық гроссмейстер бұл қысымды енсеріп, партияны өз пайдасына аяқтады. Нәтижесінде, блиц-матч 2:2 есебімен тең түсті. Қола жүлденің тағдырын



ТАҚТА ҮСТІНДЕГІ ТАРТЫС

шешетін сәт — «армагеддон». Бұл кезеңге әр командадан бір ойыншы қатысты. Жеребе негізінде шешуші шайкаста Қазыбек Нөгербек пен Самант Адитья кездесті. Нәтижесінде, жарыс қазақстандықтардың пайдасына шешілді.

— Әрине, оңай болған жоқ. Бұл жерде мен өз команدام мен университетімнің ғана емес, Қазақстанның намысын қорғап отырғанымды түсіндім. Сондықтан іште жауапкершілік пен толқу сезімі де болды. Команда болып барынша жеңіске ұмтылдық. Әр ойыншы өзіне тиесілі

міндетті орындауға тырысты. Шынымды айтсам, бұл чемпионатта әлсіз қарсылас болған жоқ. Әлемнің үздік университеттері мен мықты шахматшылары жиналған. Тіпті оңайырық көрінген партиялардың өзінде босансуға болмайды. Кез келген қарсылас ойынның барысын өзгертіп жіберуі мүмкін. Сондықтан әр партияға бар күшімізді салдық. Ал шешуші кезеңде маған тәжірибем көмектесті деп ойлаймын. Бұған дейін көптеген блиц және армагеддон партияларын ойнадым. Сондықтан ең маңызды сәтте эмоцияға берілмей, сабыр сақтауға тырыстым, — деді гроссмейстер Қазыбек Нөгербек.

Шахмат бәсекесінде күміс жүлдеге АҚШ-тан келген Saint Louis University командасы қол жеткізді. Ал чемпиондық атақ үшін өткен екі матчта да Ural State Mining University командасы 2,5:1,5 есебімен басым түсті. Финалда көптеген партия тең нәтижемен аяқталғанымен, шешуші ұпайды Лея Гарифуллина иеленді. Халықаралық мастер Талия Сервантес Ландейромен болған екі кездесудің екеуінде де жеңіске жетіп, Урал командасына қажетті ұпайды алып берді.

Қалған такталардағы партиялардың басым бөлігінде жеңімпазды анықтау мүмкін болмады. Арсений Нестеров Арьян Чопрамен екі рет тең түссе, Рудик Макарян, Бхарат Субраманиам және Сергей Лобанов та қарсыластарымен ұпай бөлісті. Нәтижесінде, чемпионаттың алтын жүлдесі Ural State Mining University командасына бұйырды.

— Финалда қарсыластың ойынын бақылауда ұстай алдық. Төртінші тактада басымдығымыз айқын болса, үшінші тактада негізгі мақсатымыз есепті сақтап қалу болды. Ең қызығы, жартылай финалда біз үшін Қазақстан командасы әлдеқайда күрделі қарсылас болды. Алғашқы матчта жеңісті уыстан шығарып алу қаупі болғанымен, келесі кездесуде өз ойынымызды сенімді көрсете алдық. Бұл алғаш ұйымдастырылған чемпионат болғандықтан, жеңімпаз атану — біз үшін ерекше қуаныш. Алматыдағы жарыстың өту деңгейіне де көңіліміз толды, — деді Ural State Mining University командасының ойыншысы Рудик Макарян.

Әлемнің жетекші оқу орындарының басын қосқан додада қазақстандық KNUS командасының қола жүлдеге ие болуы — ел шахматы үшін айтулы жетістік. Сарапшылардың пайымынша, бұл Қазақстанның жүлде үшін кіл мықтылармен тайталаса алатынын әрі мұндай ауқымды жарыстарды қабылдауға әлеуеті жоғары екенін көрсетеді.



РЫБАКИНА – ШИРЕК ФИНАЛДА!

Қазақстанның бірінші, әлемнің 2-ракеткасы Елена Рыбакина Торонто (Канада) WTA 1000 турнирінің ширек финалына шықты.



Қазақстандық теннисші төртінші айналымда әлемнің 55-ракеткасы, ресейлік Людмила Самсоноваға тап келді. Е.Рыбакина үшін ресейлік спортшы қолайсыз қарсылас болып есептеледі. Осыған дейін өзара алты кездесудің төртеуінде Л.Самсонова жеңсе, соңғы екеуінде қазақстандық теннисші басым түскен еді. Бұл жолы бірінші партияда теннисшілер үш реттен брейк алмасты. Дегенмен Рыбакина тағы бір брейкпен түйіндей білді — 6:4. Екінші сетте есеп 2:2 болған мезетте Самсонова брейк жасап, сосын сол басымдылығын сақтап қалды — 6:4. Үшінші, шешуші сетте Л.Самсонова қос брейк жасап, 3:0 есебімен алға кеткенімен, Елена таразы басын теңестіре алды — 3:3. Содан соң матчты жеңіспен аяқтады — 6:4. Екі сағат 50 минутқа созылған тартысты бәсекеде Рыбакина 11 әйспен бірге 17 брейк-пойнттың жетеуін пайдаланды. Самсонова 1 әйс, 6 брейкпен (13 брейк-пойнт) көзге түсті.

Елена Рыбакина жартылай финалға шығу үшін әлемнің 13-ракеткасы, жапониялық Наоми Осака немесе рейтингіде 34-орындағы канадалық Лейла Фернандестің қай жеңгенімен таласады.

СУ ДОБЫНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ

Хорватияның Загреб қаласында су добынан жасөспірімдер арасында әлем чемпионаты аяқталды.



Іріктеу кезеңінде Қазақстан құрамасы Сингапур мен Уругвайды жеңіп, Мысыр және Түркия құрамаларына есе жіберді. Осылайша, Қазақстан құрамасы плей-офф кезеңіне өте алмай, сегізінші орыннан төмен орындар үшін күресті жалғастырды. Қазақстан командасы алдымен Грузиядан 7:10 есебімен жеңіліп, кейін Канадаға 7:9 есебімен жол берді. Ал соңғы ойында спортшыларымыз Перуды 5:3 есебімен жеңді. Нәтижесінде, Қазақстан әлем чемпионатын 23-орынмен аяқтады. Хорватия құрамасы алтын медаль жеңіп алды. Испания күміс жүлдеге ие болса, Сербия үшінші орынға жайғасты.

НӘТИЖЕ: ЕКІ РЕКОРД, ЕКІ ФИНАЛ

АҚШ-тың Орегон штатындағы Юджин қаласында 20 жасқа дейінгі спортшылар арасында жеңіл атлетикадан әлем чемпионаты аяқталды.



Қазақстан құрамасының өкілдері екі ұлттық рекорд жанартып, екі финалға жолдама алды. Қыздар арасындағы сырықпен секіру сайысында Анна Черкашина іріктеу кезеңінде 4,10 метр нәтижесін көрсетіп, U20 санатындағы Қазақстанның рекордын жанартты. Финалда спортшы бұл нәтижесін қайталап, қорытынды бойынша 11-орынға ие болды.

Әлем чемпионатында диск лақтырудан сынға түскен Максим Сажнев те іріктеу кезеңінде 61,37 метр нәтижемен Қазақстанның U20 санатындағы рекордын жанартты. Финалдық сайыста спортшы 59,85 метр нәтиже көрсетіп, жарысты 11-орынмен аяқтады.

Сымбат БЕГІМБАЙ



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Албал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБAY –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы
Эльмира ЖҰРСЫНБЕКҚЫЗЫ –
Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқының»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4774

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданылмайды.
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның
жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор –
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ